

**Астана қаласында кедейшілікті азайту жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған бағдарлама туралы**

***Күшін жойған***

Астана қалалық мәслихатының 2003 жылғы 4 шілдедегі N 245/47-II шешімі. Астана қаласы Әділет басқармасында 2003 жылғы 29 шілдеде N 282 тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2006 жылғы 21 қыркүйектегі N 285/35-III шешімімен

*Ескерту - Астана қаласы мәслихатының 2006 жылғы 21 қыркүйектегі N 285/35-III шешімінен*  
*Үзінді:*

*Заңнамалық нормалардың өзгеруіне және жекелеген шешімдердің қолданыс мерзімдерінің өтуіне байланысты Астана қаласының мәслихаты шешім қ а б ы л д а д ы :*

*1. Қосымшаға сәйкес Астана қаласы мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылған деп танылсын.*

*2. Осы шешім қабылданған күннен бастап күшіне енеді.*

*Астана қаласы мәслихатының*  
*сессия төрағасы*

*Астана қаласы мәслихатының*  
*хатшысы*

*Астана қаласы мәслихатының*  
*2006 жылғы 21 қыркүйектегі*  
*N 285/35-III шешіміне қосымша*

*Астана қаласы мәслихатының күшін жойған кейбір шешімдерінің тізімі*

*7. Астана қаласы мәслихатының 2003 жылғы 4 шілдедегі N 245/47-II "Астана қаласындағы кедейшілікті төмендету жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған бағдарлама туралы" шешімі (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде 282 нөмірмен тіркелген, 2003 жылғы 27 желтоқсанда "Астана ақшамы" газетінде жарияланды);*

*...*

*Астана қаласы мәслихатының хатшысы*

---

Астана қаласының әкімдігі ұсынған Астана қаласында кедейшілікті азайту жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламаны қарап, Қазақстан Республикасы Конституциясының 86-бабын және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148-ІІ Заңының 6-бабын басшылыққа ала отырып, Астана қаласының мәслихаты былай деп ШЕШТІ:

1. Қоса беріліп отырған Астана қаласында кедейшілікті азайту жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған бағдарлама бекітілсін.

А с т а н а      қ а л а с ы      м ә с л и х а т ы  
сессиясының төрағасы

А с т а н а      қ а л а с ы

мәслихатының хатшысы

Келісілді:

Астана қаласы еңбек, халықты  
жұмыспен қамту және әлеуметтік  
қорғау департаментінің бастығы

Алматы ауданының әкімі

Сарыарқа ауданының әкімі

Астана қаласы экономика және  
шағын бизнесті дамыту  
департаментінің директоры

Астана қаласы білім  
департаментінің директоры

Астана қаласы қаржы  
департаментінің бастығы

Астана қаласы денсаулық сақтау  
департаментінің директоры

Астана қаласы ішкі саясат  
департаментінің директоры

Астана қаласы ішкі істер  
басқармасының бастығы

Ақпарат және қоғамдық келісім  
басқармасының бастығы

Астана қаласы бойынша көші-қон  
және демография басқармасының  
бастығы

Тұрғын үй департаментінің  
бастығы

Астана қаласын дамыту  
бағдарламаларына әкімшілік ету  
жөнінде департаментінің  
директоры

Астана қаласы бойынша сауданы  
ұйымдастыру және базарларда  
бірреттік талондар беру  
басқармасының бастығы

"Астана қаласы шағын бизнесті  
қолдау орталығы" МҚК  
директоры

Тұрмысы төмен азаматтарды  
қолдау жөніндегі Астана қалалық  
аймақтық қорының директоры

Астана қаласы туризм және спорт  
департаментінің директоры

"Астана Су Арнасы" МК  
бас директоры

"Астанаэнергосервис" ААҚ  
басқармасының төрағасы

"Астанагазсервис" ААҚ  
басқармасы төрағасы

Астана қаласы көлік және  
байланыс басқармасының  
бастығы

Мемлекеттік санитарлық-  
эпидемиологиялық қадағалау  
департаментінің директоры

"Астанателеком" ҚТО бас  
директоры

Сәулет және қала құрылысы  
департаментінің директоры

Астана қаласы коммуналдық  
шаруашылық департаментінің  
директоры

Қазақстан Республикасы еңбек  
және халықты әлеуметтік қорғау  
Министрлігінің Астана қаласы  
бойынша департаменті директоры

Астана қаласы коммуналдық  
меншік басқармасының бастығы

"Коммуналдық жеке меншік  
қоры" МҚК директоры

Астана қаласында кедейлікті төмендету бойынша  
2003-2005 жылдарға арналған  
БАҒДАРЛАМА

Астана. 2003 жыл

### 1 БӨЛІМ. БАҒДАРЛАМА ТӨЛҚҰЖАТЫ

Атауы Астана қаласында кедейлікті азайту жөніндегі  
2003-2005 жылдарға арналған бағдарлама

Әзірлеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылдарға  
үшін арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі  
негіздеме іс-шаралар жоспары, Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің 2002 жылғы 24 сәуірдегі N 470 қаулысы ,  
2003-2005 жылдарға Қазақстан Республикасында  
кедейлікті төмендету бойынша бағдарламасы, Қазақстан  
Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 наурыздағы N  
296 қаулысы .

Негізгі Астана қаласы Еңбек, халықты жұмыспен қамту және  
әзірлеуші әлеуметтік қорғау департаменті

Мақсаты Елорда халқының өмір деңгейіне әсер ететін негізгі  
экономикалық және әлеуметтік факторларын жақсарту  
жөніндегі шаралар кешенін іске асыру есебінен  
кедейлік деңгейін азайту.

Міндеттері Бағдарламаның мақсатын іске асыру үшін мынадай  
міндеттерді шешу қарастырылады:  
жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және кәсіпкерлікті  
дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау;  
қосымша жұмыс орындарын құру, қоғамдық жұмыстарды,  
жұмыссыздардың кәсіби оқуын, біліктілігін арттыруды  
және қайта даярлауды ұйымдастыру есебінен еңбек  
нарығында белсенді шараларды одан әрі дамыту және  
жетілдіру ;  
денсаулық сақтау, білім беру және инфрақұрылым  
қызметтерін көрсетудің тиімділігі мен қол  
жетімділігін арттыру;  
халықтың әлеуметтік осал топтарына атаулы

әлеуметтік көмек көрсету механизмдерін жетілдіру;  
елде кедейлікті төмендету мәселесіндегі  
мемлекеттік басқару тиімділігін арттыру;  
кедейлік мәселесін шешу үшін қоғамның барлық  
институттарының: мемлекеттік органдардың, кәсіби  
одақтардың, жеке сектордың және үкіметтік емес  
ұйымдардың, оның ішінде кедей халықтың мүддесін  
білдіретін бірлестіктердің қатысуы мен өзара  
қарым-қатынасын жандандыру

Қаржыландыру көздері Бағдарлама кешенді сипатта, сондықтан Астана қаласында 2003-2005 жылдары кедейлікті азайтуға жолданған негізгі қаражат экономиканың тиісті салаларында кедейлікті азайту мәселелерін шешетін қолданылып жүрген және әзірленіп жатқан аймақтық бағдарламалар төңірегінде қарастырылады. Сонымен бірге халықаралық ұйымдар демеушілік, көмек, Тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі Астана қалалық аймақтық қоры қаражаты, екінші деңгейлі банктер қаражаты, кәсіпорындар, ұйымдар, кәсіпкерлер меншігіндегі қаражаттарын жұмылдыру қарастырылған.

Бағдарламаны 2005 жылға:  
іске асырудан білікті аймақты өнімнің (бұдан әрі - БАӨ) көлемін күтілетін 1,5 есе көбейту;  
нәтижелер 2002 жылмен салыстырғанда тоқсанға Астана қаласында кедейлік деңгейін төмендету, жұмыссыздық деңгейін 8,7 пайыздан 2002 жылы 3,0 пайызға төмендету;  
қоғамдық жұмыстарға жолданған жұмыссыздар санын 1900 адамға дейін арттыру;  
шағын бизнеспен айналысатындар үлесін 23,3-дан 27,0 дейін арттыру;  
орта жалпы білім беретін мектептердің санын 7 бірлікке арттыру;  
мектепке дейінгі мекемелерді - 4 бірлікке;  
емханалық мекемелерді - 2 бірлікке;  
ана өлімі көрсеткішін 17,0 дейін төмендету.

Іске асыру мерзімі 2003-2005 жылдар.

## **2 БӨЛІМ. КІРІСПЕ**

Елдің қазіргі даму кезеңінде халықтың кедейлік деңгейін төмендету жөніндегі шараларды іске асыру мемлекеттің әлеуметтік саясатындағы аса маңызды бағыттардың біріне айналып отыр.

2000-2002 жылдар кезеңіне жергілікті атқарушы органдар жұмысының негізгі бағыттарының бірін анықтайтын Астана қаласындағы бірінші бағдарламалық құжат 2000-2002 жылдарға кедейлік және жұмыссыздықпен күрес жөнінде Аймақтық бағдарлама болып табылады.

Қалалық бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар аз қамтылған азаматтарға, жұмысқа жарамсыздарға басымдырақ, сондай-ақ еңбек нарығында аса осал халық санатына атаулы әлеуметтік көмек көрсету және халықты жұмыспен қамту саясатын жүзеге асыру есебінен жұмыссыздық масштабын қысқарту және кедейлікті төмендетуге бағытталған.

2000-2002 жылдарға кедейлік және жұмыссыздықпен күрес жөнінде Аймақтық бағдарлама елорда дамуының осы кезеңіне сипатты түбегейлі мәселелер және басымдықтар есебімен әзірленді.

Осы Бағдарламаны, сондай-ақ басқа да аймақтық және салалық бағдарламаларды іске асыру барысында нақты жағымды нәтижелерге қол жеткізілді: 8,7% жұмыссыздық деңгейін төмендету; қаланың еңбек нарығында қалыптасқан жағдайды тұрақтандыру; экономикалық белсенді халқына тіркелген жұмыссыздар үлесі 1,1% төмендеді; 13,0 жоспары бойынша 24,8 мың жұмыс орны құрылды; күн көріс минимумынан орта жан басына кірісі бар табыстар мен трансферттер есебімен халық саны 30% төмендеді.

Осы күні аймақта кедейлік деңгейіне әсер ететін негізгі экономикалық және әлеуметтік жағдайлар қатары анықталды:

еңбек нарығында жұмыс күшінің ұсыныстары мен сұраныстарының үйлесімсіздігі;

зейнетақы, жәрдемақы төмен көлемі;

жалпы білім беретін, кәсіптік мектептер және мектепке дейінгі мекемелер желісінің жетпеушілігі;

инфрақұрылым дамуының деңгейі;

халықтың жекелеген бөлігі асыраулық көңіл-күйі;

жұмысқа орналастыру мүмкіндігі туралы ақпарат берудің жетіспеушілігі.

Жұмысқа жарамды азаматтар үлесінің өсуі есебінен кедейлік әлеуметтік құрылымының түрленуі болады.

Осы мәселелерді толық шешу жұмыспен қамту, демография, білім беру, денсаулық сақтау, тамақтану, тұрғын үй, қоршаған орта және басқа да әлеуметтік экономикалық аспектілерді, кірістер саясаты, әлеуметтік қорғау жүйесін анықтау әрекеттерін қамтитын бағдарламалар кешенін талап етеді.

Осы бағдарлама 2000-2002 жылдарға кедейлік және жұмыссыздыққа қарсы

күрес жөнінде Аймақтық бағдарламаның жалғасы болып табылады.

Қалалық бағдарламада көрсетілген кедейлікті төмендетудің негізгі жолдары, қамтамасыз ету қаражаты бойынша кедейлік мәселесін шешу жоспарланған:

экономикалық өсуді;

жұмыспен қамту және жұмыссыздықты азайту;

атаулы әлеуметтік көмек көрсетудің тетіктерін жетілдіру;

ауыз суды және экологиялық факторларды қоса алғанда базалық; білімге, алғашқы медициналық көмекке, тұрғын үйге, көлік инфрақұрылымына және коммуналдық қызметтер көрсетуге қол жетімділігін;

бюджеттік бағдарламаларға әкімшілік ету тиімділігін;

ақпаратқа қол жетімділігін көтеру, мемлекеттік шешімдерді қабылдауда кедейлердің қатысуы.

Кедейлердің аймақтық ерекшеліктері, халықтың өмір деңгейіне қоршаған орта әсерін бағдарлама есепке алады.

Мәселелерін шешу үшін белсенді қатысу және әлеуметтік серіктестікте өзара байланыс жоспарланған: кедей халықты ұсынатын мемлекеттік органдар, кәсіптік одақтар, жеке меншік сектор және үкіметтік емес ұйымдар, бірлестіктерді қосады.

### **3 БӨЛІМ. АСТАНА ҚАЛАСЫНДАҒЫ КЕДЕЙЛІКТІҢ ҚАЗІРГІ ЖАЙ-КҮЙІН ТАЛДАУ**

#### **1 тарау. Кедейлік деңгейін анықтау және өлшеу**

Халықтың өмірі туралы өзара байланыстағы көрсеткіштер кешенін ұсынатын өмір деңгейі индикаторлары бойынша талқылауға болады, оның ішінде: халық кірістері мен олардың қажеттіліктері, тұтыну деңгейі мен құрылымы, халықты жұмыспен қамту және еңбек жағдайы, әлеуметтік қамтамасыз ету және әлеуметтік қорғау, демографиялық жағдай, тұрғын үймен қамтамасыз ету, денсаулық, медициналық көмекке қол жеткізу, білім алу, инфрақұрылым және тағы басқалар.

Кедейлік - өмірлік маңызды қажеттіліктерді қанағаттандыруда қиындық көретін халық топтарын анықталған әлеуметтік-экономикалық құбылыс.

Қылмыстық, ішімдік және нашақорлық кедейліктің келеңсіз жағдайлар салдары болып табылады.

Экономикалық және әлеуметтік аспектілермен бірге кедейлік мәселесі басқару аспектісі жатады.

Өмір деңгейі көрсеткіштері кедейлік мәселесі масштабын бағалауға мүмкіндік туды.

Кірістер бойынша кедейлік көрсеткіші - күн көріс минимумы өлшемінен төмен кірістері бар халықтың үлесі.

Халықтың кірістерін жедел жіктеуі нәтижесінде қоғамның байлар мен

кедейлерге әлеуметтік бөлінді, қоғам факторын тұрақтандыратын негізі ретінде орта сыныбының бөлінуі бекітілген. Нақты көрсетілген еңбек ақы мен зейнетақы, күн көріс минимумының орта көлемінің салыстырмалы серпіні (1 қосымшаны қараңыз) .

Кедейлік бағасының негізгі белгілері табыстар бойынша емес - негізгі әлеуметтік игіліктері мен қызметтерге қол жеткізулердің төмен деңгейі.

Денсаулық сақтау саласында - халықтың жан басына медициналық қызметкерлер және медициналық ұйымдар саны, медициналық ұйымдары жоқ жергілікті орындар саны .

Білім беруде - бұл балаларды оқумен қамту, оқу жүйесінен сыртта қалған балалар саны, сондай-ақ білім беру мекемелерінде материалдық көмек көрсетілгендер .

Әлеуметтік көмек жүйесінде - халықтың әлеуметтік осал топтарына көмек көрсетілгендер саны мен қамтылған .

Денсаулық, білім, алдағы өмірдің орташа ұзақтығы, әлеуметтік азу (маскүнемдік, нашақорлық, жезөкшелік, қылмыс жасаушылық) жөніндегі көрсеткіштер, сондай-ақ халықтың көші-қоны жөніндегі көрсеткіштері кедейлер үшін әлеуметтік инфрақұрылымға қол жетімділігінің жанама көрсеткіштері болып табылады .

Кедейлік әумесерлік мінез-құлықтың әр түрлісінің өсуіне мүмкіндік береді, оның ең ауыр түрлері қылмыстық, нашақорлық және маскүнемдік тәуелділік болып табылады .

Жалпы қылмыстық халықтың аз қамтылған топтары арасында кең таралған.

Коммуникациядан шалғайлық, табиғи немесе энергетикалық-ресурстардың шектеулілігі сияқты кедейлік факторларын ашуға көмектесетін нақты инфрақұрылымға қол жетімділік индикаторлары баршылық, бірақ қажетті шаралар әзірлеу барысында олар жеткілікті дәрежеде пайдаланылмайды.

## **2 тарау. Кедейлік деңгейін бағалау көрсеткіштері**

Өмір деңгейі көрсеткіштерінің сипаттамасы (2 қосымшаны қараңыз).

## **3 тарау. Кедейлік бейіні мен кейпі**

Қазақстан елордасын Астанаға көшірумен халықтың әл-ауқатын және жоғары өмір деңгейін қамтамасыз ететін үйлесімді дамыған елордалық ортаны қалыптастыру жолымен елорданың дамуын анықтады.

Кедейлік бейіні - кедейліктің барынша айқын көріністерінің сандық және сапалық сипаттамасы .

2002 жылы Астана қаласында ол мынадай деректермен сипатталады:

Күн көріс минимумы мөлшерінен төмен табыстары бар халық үлесі, 9 пайызды құрайды ;

Халықтың жан басына орташа жылдық кедейлік шегінен 1885 теңгені құрады



;

Халықтың неғұрлым ауқатты 10% және неғұрлым ауқатсыз 10 топтары табыстарының арасындағы 9,8% есе, (республика бойынша орта есеппен - 10 е с е н і )  
қ ұ р а д ы ;

Астана қаласында жалпы жұмыссыздық деңгейі 8,7% құрады;  
2002 жылы түберкулезбен ауырғандар 2001 жылмен салыстырғанда 20%  
ө с к е н ;

Жүкті әйелдердің 47% жылғы қаны аздықтан азап шегуде.  
Кедейлік кейпі - кедейлік тұрғысынан алғанда халықтың әлеуметтік жағынан барынша осал топтарының тізбесі мен сипаттамасы.

Еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау департаменті 2000 жылы аз қамтылған азаматтардың жеке есебінің қалалық базасын құру үшін кедейлік мониторингін өткізіп байқап көрді.

Қалыптастырылған мәлімет базасының талдамасы (негізге 2000 жылғы күн көріс минимумы алынды) көрсетті, 48000 таңдаулы тексерілген отбасылардан 27699 отбасы 4500 теңгеден төмен кірістері бар; 7552 отбасы немесе 18121 адам  
к е д е й л і к ш е г і н д е т ұ р д ы .

Халықтың әлеуметтік осал топтарына: балалар мен көп балалы отбасылар, ұзақ уақыт бойы жұмыссыз жүрген азаматтар, оқымайтын және жұмыс істемейтін жастар, жалғыз басты қария адамдар, мүгедектер, маргиналды топтар (үйсіздер, абақты жүйесіндегі мекемелерден босатылғандар, қашқындар).

Астана қаласы Еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау департаментінің жедел мәліметі бойынша көп балалы аналар отбасылар 900-дай  
қ ұ р а й д ы .

Айта кету керек, кедейлер тек қана жалғыз басты және көп балалы аналар, зейнеткерлер, мүгедектер ғана емес, сонымен бірге жұмысқа жарамды жоғары білікті азаматтарда болып шықты.

"Бюджеттіктердің" еңбек төлемінің төмен деңгейі 1-2 балаларымен және жұбайларымен бюджеттік салада жұмыс істейтін:

білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, әлеуметтік қамтамасыз ету мен қызмет "жаңа кедейшілік" феноменін құрды.

Созылмалы әлеуметтік мәселеге айналатын кедейлік және жұмыссыздық мәселесі бар. Осы жүйе соңында жеткіншек ұрпаққа мүмкін, яғни біздің балаларымызға әсер етуі мүмкін. Балалар өз еркімен жағдайларын жақсартуға бәрінен төмен мүмкіндіктері бар. Кедей отбасында тұратын балаларға қатысты әрекетсіздік болашақта кедейлік ауқымының өсуі мультипликаторлық әсер  
ә к е л у і м ү м к і н .

Ұзақ уақыт жұмыссыздық жасына, біліктілігіне, психологиялық параметрлері , өзі жұмысқа орналасу мүмкіндіктері, қосалқы шаруашылық жүргізу немесе

қажетті дағдылар мен бастау капиталының жетіспеуінде шағын бизнесті жүргізу бойынша еңбек нарығында жұмыс күші жағынан анықтау сәйкес еместігіне байланысты.

Жастар (15-24 жас) экономикалық қауқарсыз халықтың ең үлкен үлесін (32,4%), сондай-ақ жұмыссыз халықтың едәуір үлесін (12%) құрап отыр. Оқуда жоқ және жұмыссыз жастар нашакорлық, қылмыстық, жезөкшелік бойынша қатар тобына түседі.

Орта жастағылар тобы (31-40 жас) кедейлер санында жастар сияқты үлкен үлесі бар.

Жалғыздікті қарт адамдардың проблемалары коммуналдық қызмет көрсетуге, емделуге және басқа осындай шығыстарға шығындардың өсуінде болып отыр.

Мүгедектердің мүмкіндіктері шектеулі болуына байланысты олардың арасында кедейлер қатарына қосылу қаупі аса жоғары.

Межелік топтарға жататын адамдар санын бағалау мүмкін болмай отыр. Қоғамның белсенді мүшелері ретінде бұл адамдардан қол ұзу айрықша алаңдаушылық туғызуда, халықтың межелік топтары өздерінің халықтың басқа топтарына келеңсіз әсер ету қабілеттілігімен де ерекше назар аударуды қажет етеді.

Межелік халықтың саны қала өміріне бейімделе алмаған ауылдан көшушілер, жұмыссыздар, ашық және астыртын көшіп келушілер, босқындар есебінен өсуде.

Бас бостандығынан айыру орындарынан босаған және нақты тұратын жері жоқ адамдар қазір халықтың мейлінше әлеуметтік осал топтары қатарында тұр. Олардың басым көпшілігі кедейлік шегінде қалатындықтан, еңбекке және тұрмыстық орналастыруға мұқтаж.

2001 жылы Астана қаласында Белгілі тұратын жері жоқ адамдар үшін әлеуметтік бейімдеу орталығы жұмыс істейді.

Белгілі тұратын жері жоқ адамдар үшін әлеуметтік бейімделу орталығы арқылы өткен адамдардың жалпы саны 1600 адамды құрады, бір айда орта есеппен 100 адам тұрды.

#### **4 тарау. Кедейлік деңгейін бағалау**

##### **\$1. Экономиканың шынайы секторын дамыту**

Экономиканың дамуы - кедейлікпен тиімді күрестің маңызды шарты.

2002 жылға халықтың жан басына жалпы аймақтық азық-түліктің шынайы өсуі 2001 жылға 25,4% құрады.

2002 жылы экономикада жұмыс істейтіндердің жалпы саны 218,6 мың адамды құрады, оның ішінде 49% - әйелдер. 2001-2002 жылдар кезеңінде Астана қаласында халықтың экономикалық белсенді саны 21,9% өсті, оның ішінде экономикадағылар - 22,8%. Сауда, автокөлікті жөндеу, жеке қолданыстағы

тұрмыстық заттар мен құралдар, құрылыс, қаржылық қызметте денсаулық сақтауда және әлеуметтік қызмет, коммуналдық және дербес қызмет беру саласында жұмыс істейтіндер санының өсуі бақыланады.

Құрылыста жұмыс орындарының өсуі инвестициялар көлемінің өсуіне және елордада құрылыс жұмыстарының қарқынының үдетуіне негізделген.

Инвестицияларды тарту төңірегінде негізгі бағыттар елорда имиджін қалыптастыратын құрылыс объектілері, және әлеуметтік инфрақұрылым объектілері анықталады.

2002 жылға қала бойынша инвестицияның жалпы көлемі 96531,0 млн. теңгені құрады, өткен жылдың ұқсас кезеңіне 1,1% артық.

Соңғы екі жылға өнеркәсіпте, мейрамханалық бизнесте, көлікте, байланыста, білім беру саласында жұмыс істейтіндер саны едәуір өсті.

Жеке меншік, кәсіпкерлік, шағын бизнес белсенді енгізілген және қолданады. Астанада кәсіпкерлікті экономикалық дамыту қолайлы жағдайларын құру бизнес саласын кеңейту және қызмет түрлерін көбейту, сондай-ақ қосымша жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді.

2003 жылдың басына елордада әлеуметтік-экономикалық жағдай мына көрсеткіштермен сипатталды:

Астана қаласының өнеркәсібі электроэнергия, газ, су өндіру және тарату бойынша сала мен саланы өндіретін кәсіпорындарды ұсынады. Өнеркәсіптік өнімді шығаратын кәсіпорындар шаруашылық субъектілерінің жалпы санының 3% құрайды. Сонымен өнеркәсіптік өндіріс көлемінің үлесі жалпы аймақтық азық-түлікте 10% құрайды.

Өнеркәсіптік кәсіпорындарды сауықтыруға, жаңа өнеркәсіпті құруға жолданған аймақтық өнеркәсіптік саясатты іске асыру экономиканың шынайы секторын дамытуда жағымды тенденцияны нығайтуға мүмкіндік берді. Соңғы жылдар ағымында өнеркәсіптік өндіріс өсімінің орнықты қарқыны белгіленді. 2002 жылдың қорытындысы бойынша қаланың өнеркәсіптік кәсіпорындарымен (үй-жайлық шаруашылық секторының есебімен) 26,8 млрд. теңге сомасына қызметтер көрсетілген және өнім өндірілген. 2001 жылға физикалық шаманың индексі 110,3 пайызды құрады.

Ірі және орташа өнеркәсіптік кәсіпорындардың жартысынан көбі 2001 жылмен салыстырғанда 1,5 есе артық өндірісі шамасының өсуін қамтамасыз ете алады.

Қаланың өнеркәсіптік секторында жаңа өндірістерді енгізу және бұрын жұмыс істемеген кәсіпорындарды экономикалық қалпына келтіру және дамыту шынайы мүмкіндік алды. Құрылыс қарқынын жеделдету құрылыс-индустрия кәсіп орындарының жұмысын жандандырды.

2002 жылға өнеркәсіптік кәсіпорындарда 1110 қосымша жұмыс орындары

к ұ р ы л д ы .

2002 жылға қала бойынша инвестицияның жалпы көлемі 96531,0 млн. теңгені

к ұ р а д ы .

Есептік кезеңге кәсіпорындар, ұйымдар мен халықтың өз қаражаттарын қосу деңгейі 56782,0 млн. теңге немесе жалпы көлемнен 58,8% құрады.

Салық жинау жоспарының және бюджетке түсімдердің орындармен белсенді әлеуметтік саясатты жергілікті органдармен өткізуін қамтамасыз етті.

Халықтың өмір деңгейін жақсарту туралы күн көріс минимумы мен еліміз халқының ақшалай кірістер көрсеткіші серпін кіші және N 2 кестеде көрсетілген күн көріс минимумының көлемі куәландырады.

Орта және ірі кәсіпорындар, мемлекеттік (бюджеттіктер), 50 адамға дейін саны бар сақтандыру және банктік ұйымдарды қоса орташа айлық еңбек ақы 2002 жылы 2001 жылмен салыстырғанда 20,1 пайызға өсті және 27577 теңгені құрады. Осы көрсеткіш ең төменгі еңбек ақы көлемінен 6,6 рет және орташа жылдық күн көріс минимумын 5,8 рет жоғары. Негізгі көрсеткіштер N 3 кестеде көрсетілген .

Статистика органдарының соңғы бағасы (2002 жыл 4 тоқсанға) бойынша Астана тұрғыны орташа жан басына ақшалай кірістердің мынадай құрылымы б о л д ы :

еңбек қызметінен кірістер	-	82,7%;
әлеуметтік трансферттері	-	8,6%;
басқа да ақшалай түсімдер	-	8,7%.

Айта кету керек, Астана қаласы халқының ақшалай шығындар құрылымы 96% тұтынушылық шығындарын құрайды, оның ішінде: азық-түлік тауарлар - 39,8 құрайды;

азық-түлік емес тауарларға	-	32,7%;
төлемді қызметтерді төлеуге	-	23,9%.

Салықтар, төлемдер, туыстарға материалдық көмек, несиені өтеу және басқа да шығындардың барлығы 3,6% құрайды.

Инфляцияның жалпы көлемін сипаттайтын тұтынушылық бағаның индексі он екі айға (2002 жыл желтоқсан 2001 жыл желтоқсан) 106,6 құрады, оның ішінде азық-түлік тауарларға баға индексі - 106,6%, азық-түлік емес тауарларды - 106,0%, төлемді қызметтер тарифтері индексі - 107,3%.

## **\$2. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық**

Қоғамның экономикалық даму және хал-ахуалы деңгейін сипаттайтын негізгі көрсеткіштердің бірі халықты жұмыспен қамту болып табылады.

Астана қаласындағы еңбек нарығында жалгерлік бойынша жұмыс істейтіндер санының өсуі, мемлекеттік емес секторының пайдасына экономика салаларында және секторлар арасында жұмыс күшінің қайта орналасуын жалғастыратын

жұмыссыздық төменгі деңгейімен сипатталады. Халықты жұмыспен қамту құрылымында арақатынас жалданған жұмысшылар пайдасына жасалады.

Елорданың ірі және орта кәсіпорындарында жұмыс істейтін жұмысшылардың орташа саны 50 адамнан жоғары және кіші мемлекеттік (бюджеттік) мекемелер, сақтандыру ұйымдары мен банктер (50 адамға дейін) 2002 жылы 2001 жылмен салыстырғанда 9,4% өсті. Өз еркімен жұмыс істейтін халық саны 19,1 адам. Бұл 2000 жылдан 11,6 мың адамға немесе 37,7% төмен.

Халықтың өмір деңгейінің төмендеу маңызды факторларының бірі жұмыстың болмауы болып табылады. Жұмыссыздық - бұл нарықтық экономика қызметі жағдайында кәдімгі құбылыс.

Бір қатар жылдар ағымында еңбек нарығында жұмыс күші ұсынысы мен сұранымы арасындағы тепе-теңсіздігінің өсу тенденциясы сақталған. Осы уақытта құрылымдық пен кезеңдік жұмыссыздық қадағаланады.

Астана қаласында 2002 жылға жұмыссыздардың жалпы саны 20,8 мың адамды құрады, экономикалық белсенді халықтан 8,7% жұмыссыз деңгейге жетті. Тіркелген жұмыссыздар үлесі экономикалық белсенді халықтан 1,6-дан 1,1% шегінде ауытқуда.

Жұмыссыздар арасында жұмыссыз жүру сипаты созылуынан толығымен немесе бөлшектеп біліктілігін жоғалтқан адамдар фактісін ерекше ойландырады. Сонымен оларды жұмысқа орналастыру мүмкіндіктері өте төмен. Егер жұмыс ұсынылса, көбінесе төмен білікті, ол отбасы кірістері деңгейі тепе-тең тұтынушылығын қамтамасыз етеді. 2002 жылы жұмыс іздеумен бір жылдан артық жүргендер 42% жұмыссыздар.

Жұмыссыздар құрылымында әр екінші (59,9%) - әйелдер, оларды жұмысқа орналастыру қатаң тұрған мәселе. Астана қаласы Еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау департаментіне хабарласқан жұмыссыз әйелдерден әр үшінші ғана жұмысқа орналасқан. Әйелдерде жұмысқа орналасуға ең аз келешегі барлар жоғарғы және орта арнайы білімі бар 45 және одан жоғары жастағылар. Дәстүрлі әлеуметтік инфрақұрылым шайылуы, мектепке дейінгі және мектептен тыс балалар мекемелері санының қысқаруы, төмен еңбек ақы, жұмыстың уақытының сәйкессіздігі, қызметтер бағасының өсуі әйелдердің кедейлігіне әкеледі, оларға өз әлеуеттілігін толығымен ашуға мүмкіндік бермейді.

Ұзақ уақыт жұмыссыздық белгілері күшеюде. 2002 жылы ұзақ уақыт іздеп жұмыс таба алмағандар 21,9% жұмыссыз, жұмыссыздар қатарын штаттың қысқаруынан, кәсіпорынның таратылуынан, шарт мерзімінің аяқталуынан - 4,5 мың адам толықтырды, кәсіптік әрекеттің тоқтатылуы мен өз еріктерімен жұмыстан босатылу пайызы жоғары.

2002 жылы жұмыссыздар бөлігін 25-тен 55-ке дейінгі жастағы адамдар

құрады, оның ішінде 16-24 жастағы жастар - 13,0%.

Еңбек нарығында қатаң бәсекелестік жағдайында жастар үнемі жұмыссыздық мәселесі қауіпінен мазасызданады. Жұмыс іздеу мәселесі бірінші кезекте 17-ден 22 жасқа дейінгі адамдар үшін өзекті, өйткені оқу орындары түлектерін жұмысқа орналастыруды реттейтін механизм жоқ. Негізінде жұмыссыздар қатары үлкен тәжірибелік және кәсіби жұмыс тәжірибесі бар жастар толықтырады.

Жұмыс орындары тапшылығы жағдайында еңбек нарығында өте төмен мәртебесі бар мүгедектерді жұмыспен қамту мәселесі өте қиындады.

2003 жылғы 1 қаңтар жағдайы бойынша Астана қаласында халықтың жұмысқа жарамсыз санатқа (жұмыс тобы) жататын 2395 үшінші топтағы мүгедектер тұрады, олардың жұмысқа орналасу мәселесі шешілмеген.

Қазақстан еңбек нарығында әсер ететін мәселелердің бірі заңсыз еңбектік көшіп-қонуы, бәрінен бұрын Тәуелсіз мемлекеттер достастығы мемлекеттерінен болып табылады. Көптеген қазақстандық кәсіпкерлер төмен білікті шет елдік жұмыс күшінің арзандығынан заңсыз еңбектік көшіп-қонушыларды жалға алады. Бұл жергілікті халықтың жұмысқа орналасуына әсер етеді, олар адал емес бәсекелестікпен кездеседі, бұл заңсыз жалға алушылықпен қалтарыстағы секторды кеңейтуге әкеледі.

### **\$3. Шағын бизнес**

Осы уақытта кәсіпкерлік орындарда әлеуметтік-экономикалық тұрақтандырудың негізгі факторы, мемлекеттің экономикалық құрылымдық саясатын іске асыру маңызды құралдарының бірі болып саналады.

Астана қаласында тіркелген шағын кәсіпкерлік субъектілер саны елорданың 10 мың тұрғынын, ал 2002 жылы 2001 жылмен 327 бірге 416 бірлікті құрайды. Барлығы соңғы бес жылға шағын кәсіпкерлік субъектілер саны 3,8 есеге өсті.

Икемділік, серпінділік және бәсекелестік игілігінде бүгін шағын бизнес - жаңа жұмыс орындарын құрудың тиімді құралы, салықтық түсімдер өсуінің тұрақты көзі, импортты ауыстыратын өнімдерді шығару бойынша жаңа кіші технологияларды енгізеді. 2002 жылға шағын бизнес субъектілермен 4930 жаңа жұмыс орындары құрылды оның ішінде: өндіріс саласында - 700 жұмыс орындары, құрылыста - 590, сауда саласында - 1880, қызметтің басқа түрлерінде оған тұрмыстық және қызмет көрсету, қаржылық және риэлтербизнесі, сақтандыру, білім беру, медициналық қызметтер және тағы басқалар - 1760  
о р ы н д а р д а н а р т ы қ .

2002 жылға қаланың шағын кәсіпкерлігінде жұмыс істейтіндер үлесі экономикалық қызметте жұмыс істейтіндердің жалпы саны 23,3% құрады және 1998 жылмен салыстырғанда 5,1% өсті.

2003 жылғы 1 қаңтар жағдайы бойынша шағын бизнеспен айналысатындар Астана қаласының 10 мың адамына 1018 адамды құрады (2001 жылы - 905 адам).

Елордада шағын бизнесті қолдайтын инфрақұрылымдар ойдағыдай қызмет көрсетеді, технопарктік аумағынан тұратын "Астана-Технопарк" ААҚ, "Астана-инновация" Бизнес-инкубаторы, Шағын кәсіпкерлікті қолдау қоры. Бұл ұйымдар шағын бизнесті қолдауға шамадан келген оның ішінде бастапқы қолдауды көрсетуде. Шағын бизнесті қолдау орталығы 2002 жылы 568 адамды жұмыспен қамтамасыз етті, оның ішінде жабдықтарды жалға берумен қала халқына қызмет көрсету нарығында құрылған жұмыспен 246 адам қамтылды, диспетчерлік қызмет бойынша 23 адам жұмысқа құрылды.

Сапалы қызметтер ұсыныс үшін TAKDET Интернет-кафе және "Астана-Инфорекс" оқу-ақпараттық орталығы жұмыс істеді. 2002 жыл ағымында кіріспе тегін лекцияларды 300 адам тыңдады, оқудың толық курсы 89 әлеуетті жабдықтаушылар өтті. "Бағалы қағаздар шығару", "Қаржылық есеп беру талдамасы" және тағы басқа тақырыптар бойынша Қарағанды аймақтық басқару институтының және "Прагма" жобасы корпорациясымен бірігіп семинар өткізуге топтар жинақтау жүргізіліп жатыр.

Тұрақты жұмыс істейтін Астана қаласы ведомствааралық комиссия шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қолданылмаған объектілерді меншігіне соңынан беру құқығымен сенімді басқармаға немесе жалға беру туралы өтінішін қарау бойынша отырыс жүргізді, сенімді басқару міндеттері (бизнес-жобалар) және бұрын жасалған шарттар бойынша шарттарды орындау қорытындылары.

Бұрын қолданылмаған 13 объекті бойынша, жалпы алаңы 4665 шаршы метр жалға алу шарттары мен халыққа қызмет көрсету жөнінде учаскелер мен өндірістік учаскелерді осы алаңдарда ұйымдастыру бойынша кәсіпкерлер міндеттемен соңынан жеке меншікке беру құқығымен сенімді басқарма шарты жұмыс істейді.

#### **\$4. Қоғамдық жұмыстар**

Еңбек нарығын реттеуде белгілі рөл ойнамай қоғамдық жұмыстар жұмыссыздарды әлеуметтік қорғау және жұмыссыздық деңгейінің шұғыл өсуі кезінде еңбек нарығында жағдайын жұмсарту қызметін орындайды.

2001 жылы 2000 жылмен салыстырғанда қоғамдық жұмыстарда қатысқан жұмыссыздар саны өскен бақыланған. Егер 2000 жылы қоғамдық жұмысқа қатысушылар саны 1802 адам құрады, 2001 жылы - 2249 адам. Бірақ, 2002 жылы бұл көрсеткіш алдыңғы кезеңмен салыстырғанда 23% төмендеді. Бұл қоғамдық жұмыстар халыққа төмен танымалдықпен қолданылады, өйткені аз уақытқа, аз қызығушылық және аз төленетіндіктен тиімділігі төмен екенін түсіндіреді. Өнімді жұмыспен қамтамасыз ету тұрақты және жақсы төленетін жұмыспен қамтамасыз ету болып табылады.

2001 жылы неғұрлым жаппай қатысушылар саны бойынша, қаланы

жасылдандыру және көгалдандырумен байланысты, сондай-ақ аумақты жинау болды. Оларға қоғамдық жұмыстарға қатысқан жұмыссыздардың санынан 60% қатысты.

#### **\$5. Кәсіби дайындық және қайта дайындық**

2000-2002 жылдар кезеңіне Астана қаласы жұмыспен қамту мәселелері бойынша уәкілетті органмен кәсіптік дайындыққа 3019 адам жолданды, 2447 жұмыссыз оқытылды, қала кәсіпорындарында 2421 адам жұмысқа орналастырылды. Кәсіптік оқу және кәсіптік дайындық курстарды үш жылда өткен саны 10,9% құрады.

Көрсетілген жылдар ағымында кәсіптік оқуға жолданған жұмыссыздар санының өсу тенденциясы бақыланды. 2002 жылы көрсеткіш 2000 жылмен салыстырғанда 1,8 есе өсті.

Халықтың мақсатты топтарына жататын жұмыссыздарға кәсіптік оқу және қайта оқыту құқығы басым берілді.

Нарықтық экономиканы дамыту жаңа жағдайларда жұмыс дағдыларын меңгерген мамандарға еңбек нарығында сұраныс туындауы заңды, яғни жаңа сападағы мамандар талап етіледі. Бұл жағдайда сұраныс мына мамандықтарға ұсынылған: сақтандыру, сауда агенті, хатшы-референт, шет тілдерді және компьютерлік техниканы білумен бизнес-менеджер, аудармашы және тағы басқа.

Жұмыс мамандығына сұраным жаңа технологияларды қолдануды талап ететін мамандықтар бойынша берілген: дәнекерлеуші, тас қалаушы, газ дәнекерлеуші, машинист, электрик, автокөлік жүргізушісі және басқалар.

Еңбек нарығында жұмыссыздардың бәсекелестігін көтеру мақсатында аралас, күрделі мамандықтар бойынша оқыту тәжірибеленген, мынадай столляр-ағаш шебері, штукатур-ақтаушы, слесарь-сантехник, жүргізуші-электромонтер.

2002 жылы департаментте есепте тұрған 990 жұмыссыз біліктілігін көтеру немесе кәсіптік дағдыларын алуға мүмкіндіктерін қолданды, олардың 97% қала ұйымдарында жұмысқа орналастырылды.

Кәсіпкерлік әрекет негіздеріне оқыту нәтижесі жұмыссыздар нарықтық экономика білімдерін нашар меңгерген және олар өз істерін қалай бастауды, өз бизнес-жоспарларын іске асыра алмайтынын көрсетті.

Жұмысқа жарамдылығы толығымен немесе бөлшектей объективті мүгедектердің көбі орнына келуі мүмкін, жеке сауықтыру бағдарламасына сәйкес кәсіптік бағдарлықпен қамтамасыз ету талап етілген.

#### **\$6. Шағын несиелендіру**

Гранттар немесе шағын несие беру жолымен табыстары төмен еңбекке қабілетті азаматтарға шағын несие беру олардың өзін-өзі жұмыспен қамтуын және материалдық жағдайын жақсартуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 12 ақпандағы N 103 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының ең аз қамтамасыз етілген азаматтарын шағын несиелендірудің 1998-2000 жылдарға арналған бағдарламасы аз қамтылған азаматтарға бизнес құруға 400 Америка Құрама Штатының доллары (баламалы) мөлшерінде шағын несиелер бөлуді көздеген болатын.

2000-2002 жылдар кезеңіне Тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі Астана қалалық аймақтық қоры аз қамтылған азаматтарға 200 шағын несиелер жалпы сомасы - 10946,5 мың теңгеге берілді.

Осы Бағдарлама қаржыландырудың тұрақты көздері және қарыз қаражатын өтеу механизмі уақытында дайындалмаған толық ауқымда орындалмаған. 2000-2002 жылдар ағымында аз қамтылған азаматтарға берілген шағын несиелер саны бойынша төмендеу бақыланған. Егер 2000 жылы 114 адам шағын несиелер берген, 2002 жылы 31 адам.

Тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі халықаралық және отандық ұйымдар, жеке және үкіметтік емес ұйымдар тарапынан гранттар беру арқылы шағын несиелер берудің оң тәжірибесі бар.

## **5 тарау. Әлеуметтік сала**

### **\$1. Демография және көші-қон**

Астана қаласы халықының орташа жылдық саны 1999 жылдан 187 мың адамға өсті және 2003 жылдың 1 қаңтарына 502,5 мың адамды құрады.

2002 жылы халықтың табиғи өсімі 2195 адамды құрады, 2001 жылдың сәйкес кезеңіне 44,9% артық.

2002 жылы туылғандар 2001 жылдан 14,0% артық тіркелген және 5513 туғандар, оның ішінде 2873 ер бала, 2640 қыз баланы құрайды.

2002 жылғы 12 айға туылғандардың жалпы коэффициенті 11,2 туылғанды халықтың 1000 адам 2001 жылға қарсы 10,4 қарсы құрды.

2002 жылы қайтыс болғандар саны 3410 адамды құрады, оның ішінде 47,9% - еңбекке жарамды жасында қайтыс болды. Өлімнің жалпы коэффициенті халықтың 1000 адамы есебінде 6,8 қайтыс болғандарды құрады. Астана қаласында отбасының орта көлемі 3,3 адамды құрайды, 2001 жылы отбасының көлемі 3,4 адамға анықталған.

2002 жылы тіркелген некелердің саны 2001 жылмен салыстырғанда 12,8% өсті және 2429 құрады, айырылысулар саны 2,6% яғни 928 төмендеді.

2002 жылы Астана қаласы көші-қон шығысы 6762 адамды құрады және 2001 жылмен салыстыру бойынша 7,6 есе төмендеді. Қаладан шыққандар санынан көп орын алған - 61,5%, немістер - 16,3%, украиндер - 10%.

2002 жылғы негізгі көші-қон ағымы 2002 жылы қалыптасты, облыс аралық көшіп-қону бойынша көп бөлігі - 95,9% келгендердің жалпы санынан, жақын шет мемлекеттер елдерінің оралмандары ауысуының есебінен және Республика

ауылдық аймақтардан әлеуметтік шарасыз көші-қонды қоса қалыптасты. Ауылдық аймақтардан келгендер қала тұрғыны мәртебесін заңды түрде алып, бірақ әлеуметтік, өндірістік және мәдениет өміріне жұмылдырылмайды.

## **§2. Халықты медициналық көмекпен қамтамасыз ету**

2002 жыл ағымында, Денсаулық сақтау департаментінің бағынысты 30 емдеу - алдын алу ұйымдары мемлекеттік тапсырыс бойынша мемлекеттік бағынысты емдеу ұйымдары мен жеке меншік нысандар қала халқына медициналық көмек көрсетті.

Қала ауруханалары базасында 8 ғылыми-зерттеу институты және ғылыми орталығы Республикалық филиалдар қызмет көрсетеді.

Жалпы қала бойынша 3205 ауруханалық төсектер әзірленген, 10 мың халыққа 63,8 қамталғандық құрайды, халықтың жедел өсуіне байланысты жетіспеушілік шамада сәйкес қажеттілік бар.

2002 жылы әйелдер денсаулығы индексінің өсімі 30% белгіленген, бірақ ол әлі жетпейді. Жүкті әйелдер арасында экстаргениталдық патология 97-98% жағдайлар, оның ішінде: қан аздығы - 62,3%; бүйрек аурулары - 37,6%; жүрек-қан тамыр аурулары - 8,2%.

Халықтың қант диабетімен жарақаттануы байыпты мәселе болып қалады, дәрілік құралдарды және бақылау құралдарын сатып алуға қаржыландыру қажеттіліктен 3 есе төмен. Туберкулез бойынша эпидемиялық жағдайға назар аударылады. Халықтың флюорографиялық зерттеулер мен туберкулездің кіші нысандарымен науқастарды анықтаған көрсеткіштерді кеңейту есебінен, 2002 жылы осы патологиямен халықтың 100 мыңына 131,2-ден 162,0 науқастар өсті. Әсіресе аталған аурулармен халықтың әлеуметтік-осал топтары науқастанған.

Алғашқы мүгедектікке шығу қарқындылығы көрсеткіші 10 мың халыққа 20,9-дан 16,9 дейін төмендеу болжанған.

Мүгедектікке алғаш шығу құрылымында: онкологиялық жарақаттану 23,3%; қан айналым органдарының аурулары - 20,9%; жарақаттану - 12,7% құрайды.

Диспансерлік есепте созылмалы аурумен мектеп жасындағы 5595 бала тұр немесе қала оқушыларының жалпы санынан 9,3% тұрады, 60% мектеп оқушылары ортадан төмен денсаулық деңгейі бар. Бәрінен де ас қорыту органдарының (гастрит), тыныс алу жолдарының, көз ауруларының, жүйке-психологиялық өзгерістер патологиясы кездеседі.

Осы уақытта Астана қаласында мүгедектерді емдеуге және сауықтыруға тиімді мәселе шешілмеген, оларды жоспарлы жүзеге асыруға қажетті жағдайлар жоқ. Емханада орынның тапшылығы мен дәрі-дәрмек құралдарының қымбат болу салдарынан арнайы медициналық мекемелерде қалпына келтіру емдеуге және жедел үйлестіруге қол жетпейді.

## **§3. Білімге қол жеткізу**

2002 жылы әр түрлі меншік түрлерімен жалпы орта білім беретін мекемелер саны өткен жылмен салыстырғанда 3 бірлікке өсті және 64 құрады. Бірақ қала мектептерінде оқушы орындарының жетіспеуі 15800 құрайды.

2002 жылы мектепке дейінгі мекемелерге баратын 5-6 жастағы балалар саны 7900 адам, 2002 жылдың аяғына - 9947 болды. 2002 жылы мектепке дейінгі мекемелер саны 2001 жылғы деңгейде қалды және 44 бірлікті құрайды.

Мектеп алдындағы дайындықпен 5-6 жастағы балаларды қамту үлесі бүгінгі күні 62% құрайды.

Аз қамтылған отбасы балалары, жетім балалар мен денсаулығы әлсіреген балалар үшін ыстық тамақпен қамтамасыз ету мәселесі білімге қол жеткізумен байланысты елеулі проблема болып табылады.

Жалпы Астана қаласында 49 мектеп асханаларында 2869 оқушылар тегін тамақтанады.

2000 жылдан бастап тегін тамақтануды қажет ететін 3 қамтылған отбасылардан балалар санының өсу үрдісі байқалған.

Бастауыш және орта кәсіптік оқу орындары жүйесінде 5 кәсіптік техникалық училище және 6 колледждер мемлекеттік тапсырыс бойынша 1713 және 2497 адам оқытылады.

Жоғарғы және арнайы орта білім алуға байланысты ақшалай қаражат аз кететіндіктен жоғарғы оқу орындары, колледждер және басқа да арнайы орта оқу орындарындағы студенттер мен оқушылар саны 19,2 пайызға өсті.

#### **\$4. Халықтың әлеуметтік осал топтарына мемлекеттік әлеуметтік көмек жүйесі**

Атаулы әлеуметтік көмек көрсету үшін белгі ретінде кедейлік шегі белгіленген. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі тоқсан сайын кедейлік деңгейінің көлемін анықтайды.

2004-2005 жылдарға индикативтік жоспар қалыптастыру болжанған көрсеткіштеріне сәйкес 2004-2005 жылдарға кедейлік шегі анықталды және 40 пайыз көлемінде белгіленді.

Атаулы әлеуметтік көмек (бұдан әрі - АӘК) бұрын берілетін жәрдемақылар орнына енгізілген: балалар бар отбасыларға бір тұтас көмек; 7 жасқа дейінгі 4 не одан да көп балалары бар көп балалары бар жұмыс істемеймін аналарға; жедел қызметтегі әскери қызметкерлер балалары, бала туғанға бір тұтас жәрдемақы; жұмыс істеген және жұмыссыздардың қайтыс болғанда жерлеуге; аз қамтылған азаматтар санынан жұмыссыздарға материалдық көмек.

АӘК Астана қаласы аз қамтылған азаматтарға заңға сәйкес және жергілікті атқарушы органдар ережелерімен анықталған мерзімде тағайындалады және төленеді.

Атаулы әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу бойынша Уәкілетті органға

хабарласқан отбасылар жалпы саны 1059 отбасын құрады. Атаулы әлеуметтік көмек алушылардың ең жоғарғы саны 879 отбасын немесе 2865 адамды құрады, оның ішінде 53,2% балалар мен студенттер (күндізгі оқу үлгісіндегі) - 2,3%, мүгедектер - 2,5% .

АӘК тағайындауда бас тартудың негізгі себептері нормативтік-құқықтық актілермен анықталған талаптарды сақтамау болып табылады: кедейлік шегі тоқсанына белгіленген отбасының орта жан басына кірісі жоғары болғанда, тексеріс өткізуден бас тартқанда, табыстарын жасырғанда, мәліметтің анық болмауы және басқалар .

Бұрын қолданыстағы заңнамаларда әлеуметтік төлемдер алған отбасы-алушылар санынан 80%-дай заңнамалар бақыланады, оның ішінде 48,3% - тұрмысы төмен көп балалы және толық емес отбасылар, 13,0% - жұмыссыз азаматтар отбасылары, 1% - өз балаларының отбасында тұратын зейнеткерлер және оралмандар .

Қалада "Алматы" және "Сарыарқа" аудандарында екі учаскелік комиссия құрылған және жұмыс істейді. 2002 жыл ағымында комиссиялармен 45 отырыс, 879 отбасын тексерулер өткізілген.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты жұмыспен қамту министрлігінің квотасына келісіп 2001-2002 жылдары 176 Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектер "Ардагер" және "Жеке батыр" республикалық пансионаттарына санаторлық-курорттық емделу алды. Халықтың жекелеген санаттарына науқастардың емделуге бару жолын төлеу жүргізіледі.

Жергілікті басылым газеттеріне жеңілдікпен жазылу Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектер және көп балалы аналар санынан 3666 тұрмысы төмен азаматтар қамтылған .

Елордада қаланың әлеуметтік мекемелері жүйесінің қызметін ұйымдастыруды жетілдіру бойынша шаралар кешенін жүзеге асырады, халықты әлеуметтік қорғау бағынысты органдары - Ақыл-есі кем балаларға арналған интернат-үйі, Ардагерлер мен мүгедектерге арналған интернат-үйі.

2003 жылғы 1 қаңтардағы жағдайы бойынша Ардагерлер мен мүгедектерге арналған интернат-үйінде 252 қамқорлықтағылар тұрады.

2001 жылдан Интернат - үйінде мемлекеттік қамқорлықтағылар негізгі құрамына зиян келтірмей тұрмыстық және дәрігерлік қызметті қажет ететін азаматтар мен қариялардың уақытша тұруы үшін ақылы бөлімше қызмет жасайды және кезек болмаған жағдайда Интернат-үйіне орналастырады. 2001-2002 жылдар кезеңіне осы қызметпен 25 қалалық қария жастағылар қолданды.

Жалғыз басты қариялар мен мүгедектер үйінде қызмет көрсету үлгісін жетілдірумен мақсатты жолданған жұмыс жүргізіледі.

255 жалғыз басты қария азаматтар үйіне әлеуметтік қызмет көрсетіледі, "

Демеу" отбасылық-дәрігерлік емхана мамандарымен тығыз байланыста жұмыс істеді.

2002 жылдың аяғына Белгілі тұратын орны жоқ адамдарды әлеуметтік бейімдеу орталығында 132 адам тұрды.

Белгілі тұратын жері жоқ адамдар үшін әлеуметтік бейімдеу орталығы қызметкерлері істеген нақты жұмысы нәтижесінде 2001-2002 жылы жұмысқа орналастырылғандар - 11% жалпы түскен адамдар санынан, 8,9% құжаттарын қайта жасады, отбасыларына 3,2% қайтарылды.

## **6 тарау. Кедейліктің инфрақұрылымдық аспектісі**

Инфрақұрылым материалдық және ақпараттық ресурстардың шалғайлық, қатынас құралдарының болмауы сияқты кедейліктің табиғи себептерін еңсеруге мүмкіндік береді. Ол, сондай-ақ, экономикалық белсенділікке ықпал етеді, нарықтарға және әлеуметтік саланың қызметтер көрсетуіне қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

### **§1. Тұтыну нарығына қол жеткізу және халықты тұрғын үймен, коммуналдық қызметтермен қамтамасыз ету**

Елорда халқының тұрмысы төмен қатарының тұрғын үй қажет ететіндерінің есебін ұйымдастырған. Оларға халықтың мына топтары жатады: 1 және 2 топ мүгедектері; мүгедек-балалары бар немесе тәрбиелейтін отбасылар; кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрімен зардап шегетін адамдар; жасы бойынша зейнеткерлер; кәмелетке толмаған уақытта ата-анасынан айырылған жиырма жасқа дейінгі жетім балалар; оралмандар; техногендік және табиғи сипаттағы төтенше жағдай апаты қорытындысында тұрғын үйінен айырылғандар; көп балалы аналар; әскери қызмет, мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттер орындауда қайтыс болған адамдар отбасылары; толық емес отбасылар.

2003 жылғы 1 қаңтарындағы жағдайы бойынша тұрғын үйді қажет ететіндер есебі N 1 тізім бойынша 1850 тұрмысы төмен адамдар тұрады. Тұрғын үй алуға кезекте қаланың 700 мұғалімдері тіркелген.

Астана қаласы халқының тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін қызметтік, муниципалдық тұрғын үй, ипотекалық несиелендіруге жұмылдыру, салымшылардың тұрғынқұрылыс жинауына берумен шаралар кешені қарастырылған.

Жеке меншігінде қозғалмайтын мүлігі бар жалғыз басты зейнеткерлер, жұбайлар мен мүгедектер сияқты халық санаты және материалдық және рухани аспектіде оны ұстауға ауыртпалықты жеңе алмағандықтан әлеуметтік сипаттағы қосымша шаралар қажеттілігі туындайды.

Тұрғын-коммуналдық шығындар үлесі төлемді қызметтер құрылымында қарсы 2000 жылы - 51%-ды құраса, 2001 жылы 53% құрады. Халықтың төлем қабілеттілігі төмен болғандықтан ағымдағы тұрғын үйді ұстау төлемеулері

ж о ғ а р ғы

д е ң ғ е й д е

т ұ р .

Тұрғын үй жәрдемақысы халықты әлеуметтік қорғаудың бір түрі болып табылады. Тұрмысы төмен азаматтарға тұрғын үй жәрдемақысын беру жүйесі коммуналдық қызметтерді толық және өз уақытында төлеу мәселесін шешуде е д ә у і р ж е ң і л д е т е д і .

2003 жылдың басына 2002 жылмен салыстырғанда тұрғын үй жәрдемақысымен қамтылған отбасылар саны 30%-ға өсті және 3526 құрады. Онымен қоса тұрғын үй көмегін тағайындағанда отбасының есептелген кірістер деңгейі 30%-ға белгіленген бүгінгі күні қажет ететіндердің бәрін көмектің осы түрімен қамтуға мүмкіндік жоқ.

2001 жылмен салыстырғанда 2002 жылы бөлшектік тауар айналым жалпы көлемі барлық іске асыру жолдарын есепке алып 23,2% бағасы өсті, салыстырғанда - 17,85-ға және 42891,2 млн.теңгені құрады.

Сауда саласында 1200 дүкен және 352 қоғамдық тамақтану кәсіпорындары жұмыс істейді.

Тауар айналымдарының ең үлкен көлемдері елорда нарығында өтіледі. Заттық, аралас және азық-түлік нарықтарының айналымы 26248,0 млн. теңгені құрады. Базарда тұтынушылық тауарларды сату Үлесі тауар айналымның жалпы көлемінде 61,2% - ды құрады.

Астанада 16 базар жұмыс істейді, оның ішінде: 6 - мамандандырылған, 8 - әмбебап, 2 - азық-түлік.

Сауда және қызмет көрсету объектілер желісін кеңейту жөнінде мақсатты жолданған практикалық жұмыс жүргізіледі.

## **\$2. Халықты сумен жабдықтау**

Ауыз суға қол жеткізу кедейліктің негізгі көрсеткішінің бірі болып табылады.

Астана қаласының шаруашылық-ауыз сумен жабдықтаудың негізгі көзі сумен қамтамасыз етуі жылына 67,2 млн. текше метр (жобалық қондырғы 410,9 млн.куб.м.) Есіл өзеніндегі Вячеслав су қоймасы болып табылады. Көптеген жылдар бойы судың аздығынан (жобалық көлемге дейін су сақтау толған жоқ.

2002 жылы су қоймасының толуы 220 млн. текше метр көлемін құрады, бүгінгі күні маңызды проблемаларының бірі Астана қаласын сумен қамтамасыз ету болып табылады.

Кейбір ірі кәсіпорындары ең жоғары су жабдықтау айналымы мен қайталау қолдану технологиясы қолданылмады.

Тұрғындарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету үшін сумен жабдықтау объектілері мен магистральдық топтық су құбырларын жөндеу және қайта құру баюу жүзеге асырылады.

Осы уақытта Көктал, Мичурина кенттері, Железнодорожный шаруашылық

сумен жабдықтау және коммуналдық-тұрмыстық, сапалы ауыз сумен толық қамтамасыз етілмеген.

Шөлмектелген асханалық су өндірісі қалыпқа келтірілген.

### **§3. Халықты жолмен, көлікпен, байланыс қызметтерімен қамтамасыз етілуі**

Астананың жалпы қолданыстағы жолаушылар көлігі "Автобус парк N 1" Ашық Акционерлік қоғамы және "Жезкиік" Ашық Акционерлік қоғамы, мемлекеттік коммуналдық автокөліктік кәсіпорындар үлесінің 27%-ын құрайды, сондай-ақ 73% құрайтын 16 жеке меншік кәсіпорындарының үлесінен тұрады.

Астана қаласы жолаушыларды тасу үрдісіне жұмылдырылған қозғалыс құрамының жалпы саны 950 бірліктен жоғары, оның ішінде 468 автобустар, 45 троллейбустар, 500 шағын автобустар бірлігі.

2002 жылы қала сыртына және қалааралық бағдарлар 2000 жылмен салыстырғанда екі есе көбейді.

Осы уақытта қала шетіне қалалық жолаушылар тасымалдау толық құнды ұйымдастыру тасымалдауға тән және қаланың негізгі инфрақұрылым алшақ орналасқан Күйгенжар, Мичурино, Интернациональный болып табылады.

Бес жыл ағымында қала бюджетінен халықтың әлеуметтік осал топтарына енетін азаматтардың жекелеген санаттарына қалалық қоғамдық көлікте жеңілдікпен тасуға өтемақы үшін қаржылық қаражат бөлінді.

Халыққа төлемді қызметтер құрылымында байланыс қызметі 11,6%-ды құрайды. 2002 жылы байланыс қызметінің жалпы көлемі 2001 жылға қарағанда 8% артық орындалған және 1781,1 млн теңгені құрайды. Қаланың шеткі кенттеріндегі телефондық байланыс сапасы жеткіліксіз деңгейде.

### **§4. Халықтың кедейлік экологиялық аспектісі**

Экологиялық қолайсыз жағдай кедей халықтың өміріне әсер етеді.

Елордада атмосфералық ауаның ластану жағдайы негізінде астананың әуежайлық, автокөлік және энергетика кәсіпорындарының зиянды улы қалдықтармен негізделген. Атмосфераға ластандыратын заттар қалдықтарының жалпы көлемі стационарлық көздерден 2002 жылы 44,5 мың тоннаны құрады, ол алдағы жылдан 6,1 мың тоннаға төмен.

Республика қалалары бойынша Астана қаласында ауаның ластану деңгейі ортадан төмен. Атмосфераның ластану индексі 2001 жылы 1,3 құрады, 2002 жылы - метеорологиялық жағдайларға байланысты 2,9 құрады.

Сақталған тұрмыстық және өндірістік қалдықтар мәселесі испан үкіметінің сыртқы жалдауына жұмылдырумен шешіледі. Қатты тұрмыстық қалдықтарды жою және экологиялық жағдайды жақсарту жаңғырту жобасын іске асыру басталды. Қалдықтарды жинау және көму, атмосфералық ауаны және суды, грунтты қайталап ластатпайтын қазіргі технология қолданылады.

2003 жылы өткізілген иондаушы сәулелену көздерін жою қоршаған ортаны радиациялық ластануды болдырмауға мүмкіндік береді.

## **7 тарау. Халықтың кедейлік деңгейін азайтуда қоғам институттарының рөлі**

### **\$1. Жергілікті атқарушы органдардың рөлі**

Жергілікті атқарушы органдар халықтың әлеуметтік-осал тобының мәселелерін шешуде басты рөл атқарады:

бизнесті жүргізу үшін қолайлы жағдайлар құру, оның ішінде кәсіпкерлік субъектілеріне бәсекелестікті құру;

әлеуметтік даму төңірегінде халыққа мемлекеттік қызмет көрсету жөнінде жергілікті бюджет шығындарын жоспарлау (денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік қорғау) сондай-ақ қоғамдық инфрақұрылымды қалыптастыру (қоғамдық объектілер, жолдар құрылысы, көлікпен қамтамасыз ету).

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін дамыту және қолдау бойынша қызмет бағыттарының бірі аса маңызды әлеуметтік-мағыналы бизнес-жоспарларды алғашқы қаржыландыруға көмек көрсету екінші деңгейлі банктердің өз қаражатымен және Қазақстанның шағын бизнесі бағдарламасы бойынша Даму және Қайта құру Еуропа Банкі портфелінің несиелік үлкен ауқымында қолдану, қала бюджетінің қаражатынан жеңілдік несиеге қол жеткізуді қамтамасыз ету болып табылады.

Елорда әлеуметтік-экономикалық дамуы бағдарламасының есебімен жергілікті атқарушы органдар бюджетті қалыптастыруға мақсатты жалданған және негіздеуге жатады.

2010 жылға дейінгі Астана қаласын дамыту стратегиялық жоспарына сәйкес бағдарламалар іске асырылған және орындалған бағалау механизмін жетілдіруді талап етіледі.

### **\$2. Кедейлікті азайтуда үкіметтік емес ұйымдардың және кәсіподақтардың рөлі**

Осы уақытта Астана қаласында 100 артық үкіметтік емес ұйымдар есептелген. Бағыттары мен қызметтері бойынша үкіметтік емес ұйымдар топтарына (бұдан әрі - ҮЕҰ) N 4 кестеде көрсетілген (4 қосымшаны қараңыз) бөлуге болады.

Халықтың әлеуметтік қорғалмаған қатары тобына 10 ардагерлік және 14 ҮЕҰ мүгедектермен жұмыс жатады.

Үкіметтік емес ұйымдар төменгі деңгейде жұмыс істейді, сынды жағдайдағы адамдарға дейін жетеді (психологиялық жабығу, ауыр материалдық жағдай, кедейлік шегінен төмен өмір жағдайы) азаматтық қоғам құрылысына өз үлесін енгізеді, адамдық және материалдық ресурстарын іске қосуға көмектеседі.

ҮЕҰ негізгі мақсаты - өмірлеріне әсер ететін шешімдерді қабылдау жүйесіне адамдарды жұмылдыру, өз топтарында пікірлерін білу жолымен адамдар өмірін



ж а қ с а р т у .

Елорда ҮЕҰ көбі тегін заңдық, психологиялық, медициналық көмекті ұйымдастырып әлеуметтік ауыртпалықты төмендетеді, жұмыссыздықты, кедейлік мәселелерін шешуге қандай-да бір дәрежеде көмектеседі. "Өзіңе-өзің көмектес" - өзін қамтамасыз ету және өзі іске асыруға азаматтар мүмкіндіктерін дамыту бойынша тренинг семинарлар өткізеді.

Мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың өзара байланысын нығайту мақсатында Астана қаласында 2002 жылы тамызда Инфо-ҮЕҰ Орталығы үкіметтік емес ұйымдарды қолдау орталығы құрылған.

Аймақтық әлеуметтік бағдарламаларды дайындау мен іске асыруда өз мүмкіндіктерінің толық ауқымында қатыспайды, ҮЕҰ енжар екенін айту керек.

Қазақстан Республикасының "Әлеуметтік тапсырыс туралы" жаңа заң жобасы ҮЕҰ және қаланың қоғамдық бірлестіктерін аймақтың дамуы үшін басымды әлеуметтік мағыналы мәселелерді шешуде белсенді жұмылдырады.

Кәсіподақтар келісімдер мен келісулер жолымен Қазақстанда әлеуметтік реформаларды енгізуге бағытталған жұмысқа қатысады.

Елорда әлеуметтік және еңбектік қатынастарды ретке келтіретін және әлеуметтік серіктестік жөнінде қалалық үш жақтылы комиссия жұмыс істейді, олардың қызметі атқарылған жұмыстың анықтылығын қамтамасыз ету, барлық мүдделі сұрақтар бойынша серіктестерін ақпаратпен қамтамасыз ету, барлық мәселелерді шешуге бағытталған.

Кәсіподақтар инфрақұрылымның ірі ұйымдарында белсенді жұмыс істейтіндер "Астана энергосервис" Ашық Акционерлік қоғамы, "Астанателеком" Мемлекеттік телекоммуникация орталығы, "Астана су арнасы" Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын, "Мәншүк" Жауапкершілігі Шектелген Серіктестік, "Тұрмыс" Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын. Білім беру, мемлекеттік мекемелер, мәдениет, денсаулық сақтау қызметкерлері кәсіподақтарының қалалық комитеттері жемісті жұмыс істейді.

Осы уақытта кәсіподақтар бірлестіктерінің қызметінде жалгерлік бойынша жұмыс істейтіндердің әлеуметтік-экономикалық, еңбектік құқықтарын қорғау жөнінде тиімді шаралар жүйесі жеткіліксіз.

Астана қаласы "Алматы" және "Сарыарқа" аудандары әкімдіктерінің және Астана қаласының Тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі Астана қалалық аймақтық қорының тікелей қатысуымен азаматтардың әлеуметтік осал топтарына қайырымдылық көмек көрсету мәселелері бойынша қаланың әр түрлі кәсіпорындары мен ұйымдары үлкен жұмыс жүргізді.

**§3. Жеке меншік секторының кедейлік деңгейін азайтудағы рөлі**

Статистикалық тіркеу мәліметі бойынша Астана қаласында 2003 жылғы 1 қаңтардан 8259 шағын бизнес кәсіпорындары (заңды тұлғалар) тіркелген, оның ішінде 85,6% жұмыс істейді.

Астана қаласында жұмыс істейтін шағын бизнестің үлесі жалпы санында олар республикада 8,1% құрады.

2003 жылдың басына Астана қаласының шағын кәсіпкерлік кәсіпорындарында жұмыс істейтін санын есептеу мәліметі бойынша 32,4 мың адамды құрады және өткен жылмен салыстырғанда 18,6% көбейді.

Шағын бизнес саласында қаланың индустриалдық әлеуеті шағын және орта кәсіпкерлік кең белгіленген, ол жаңа ашылған өндірістер санының өсуі мен несиелік салымдар бағыттарының өзгеруін куәландырады. Егер алдағы жылдарда негізінде сауда және қызмет салалары несиелендірілсе, ал қазір несиенің негізгі бөлігі (56%) өндірістік секторға жұмсалған.

Мемлекеттік сектор үлесі бөлшектің сауда айналымы жалпы көлемде 2002 жылы 0,5% немесе құндылық мағынада 220,4 млн. теңгені құрады. Жеке меншіктік кәсіпорындар тауарларын сатудан түскен түсім 42670,8 млн. теңге немесе Астана қаласы бойынша бөлшек тауар айналымының жалпы көлемі 99,5%.

Қалада шағын бизнесті дамыту өз отбасыларына беделді өмір деңгейі мен өз әл-ауқаттарын өздері қамтамасыз ететін ұсақ жеке меншік иелерінің қатарын біртіндеп құруға мүмкіндік туғызды.

Халықтың мақсатты топтарына жұмыс орындарын құруға жұмыс берушілерді ынталандыру бойынша мүмкіндіктері толық ауқымда қолданылған.

#### **\$4. Шешімдер қабылдаудағы кедейлердің рөлі**

Әлемдік тәжірибе жергілікті халықтың қатысуымен және көмекті тікелей алушылар - халықтың әлеуметтік осал топтарын тартып, жергілікті деңгейде нақты мақсаттарды шешуге арналған бағдарламалардың кедейлікті төмендетуде ең тиімді бағдарламалар болып табылатынын көрсетуде.

Қоғамдық белсенділігі деңгейінің төмендігі, заңнамалық базаның болмауы, біріншіден, Қазақстан Республикасының "Жергілікті өзін-өзі басқару" Заңының білімділігі, халықтың кедейлігі деңгейін төмендетуге жолданған іс-шараларды іске асыруға қарсы келеді.

## **4 БӨЛІМ. БАҒДАРЛАМАНЫҢ БАСЫМДЫЛЫҚТАРЫ, МАҚСАТЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ**

### **8 тарау. Мақсаты мен міндеттері**

Осы Бағдарламаның мақсаты экономикалық өсуі үшін жағдай жасау, жұмыспен қамтудың тиімді жүйесі, деңгейге дейін кірістерді көтеру, абыройлы өмірді қамтамасыз ету және халықтың әлеуметтік-осал топтары санаттарының және олардың отбастарының білім беру, денсаулық сақтау, инфрақұрылым

қызметтеріне қол жеткізу, шешім қабылдауда қоғамдық институттарды жұмылдырумен басқару жүйесінің тиімділігін көтеру жолымен елордада кедейлік деңгейін төмендету болып табылады.

Алға қойған мақсатқа жету үшін Бағдарлама мынадай міндеттерді шешуді қарастырады:

инвестицияларды жұмылдырумен шынайы экономика секторын әрі қарай дамыту, негізгі капиталға 113,4 млрд. теңгеге өсімі;  
жұмыспен қамтамасыз ету;

қаланың индустриалдық әлеуетінде шағын және орта кәсіпкерлікті кең есебімен кәсіпкерлікті дамыту;

жұмыссыздық деңгейін сақтау жолымен елорда еңбек рыногындағы жағдайды тұрақсыздандыру, сондай-ақ оны төмендету жөніндегі қажетті шаралар;

қосымша жұмыс орындарын құру есебінен жұмыспен қамтуға көмектесу, ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру, кәсіптік оқу, біліктілік көтеру және жұмыссыздарды қайта дайындау белсенді шараларын жетілдіру және әрі қарай дамыту;

халыққа атаулы әлеуметтік көмек көрсету тетіктерін жетілдіру; міндетті әлеуметтік сақтандыруларды енгізу.

### **9 тарау. Кедейлікті азайту қағидасы мен бағыттары**

Кедейлікті азайту бойынша міндеттерді шешу мынадай бағыттары мен қағидалары негізінде жүзеге асырылады:

денсаулық сақтау және білім беру саласында қызметтерге қол жетімділігі мен тиімділігін көтеру;

көлік, байланыс және тұрғын-коммуналдық шаруашылық қызметтері сапасын тұрғын үй жағдайларын жақсарту бойынша шаралар кешенін іске асыру арқылы инфрақұрылымды қол жетімділігін көтеру;

кедейлік мәселелерін шешу үшін мониторинг және баға жүйесін ұйымдастыру, кедей халықты ұсынатын бірлестіктерді енгізіп, қоғам тараптарын байланыстыру жолымен әлеуметтік-серіктестік қатынастарды дамытуды жандандыру және мемлекеттік басқару тиімділігін көтеру;

кәсіпкерлік бостандығын қамтамасыз ету және шағын және орта бизнес субъектілерін және мүдделерін құру;

көмек беруде әлеуметтік әділдігі мен атаулылығын қамтамасыз ету.

### **10 тарау. Бағдарламаны іске асыру көрсеткіштері**

Бағдарлама мақсаттарына жету үшін N 5 кестеге сәйкес мынадай көрсеткіштер белгіленеді (5 қосымшаны қараңыз).

## **5 БӨЛІМ. КЕДЕЙЛІКТІ АЗАЙТУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ ЖӘНЕ БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ МЕХАНИЗМДЕРІ**

Кедейлік мәселелері бойынша аймақта дайындалған және іске асырылатын әлеуметтік бағдарламалар бойынша мониторинг жүйесін және бағасын ұйымдастыру.

Денсаулық сақтау және білім беру қызметтеріне қол жеткізу деңгейлері анық көрінген көрсеткіштерін анықтау және дайындау, және оларды статистикалық есеп беру жүйесіне енгізу, сумен жабдықтау, коммуналдық қызмет, көліктік инфрақұрылымға шынайы шығындар есебімен қызметтерге қол жетімділігі көрсеткіштерін әзірлеу қажет.

Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында белгіленген іс-шараларды кезең-кезеңмен орындау көзделген. Іс-шаралардың кешенділігі орталық және жергілікті атқарушы органдардың, жұмыс берушілер бірлестіктері мен кәсіби одақтардың, үкіметтік емес ұйымдардың қызметін барынша үйлестіріп, мүмкіндіктерін шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Бағдарламаны іске асырудың нақты шаралары мен механизмдері Астананың экономика салаларының сәйкес дамуын қарастыратын басқа салалық бағдарламаларда қалыптастырылады.

Кедейлікті төмендету жөнінде қолданылатын шаралардың тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша, қажет болған жағдайда, Бағдарламаға және оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына тиісті түзетулер енгізілетін болады.

## **11 тарау. Халықтың әлеуметтік осал топтарында кедейлікті азайту жөніндегі шаралар**

Көп балалы табысы төмен отбасыларының балалары

Табысы төмен отбасыларды мемлекеттік қолдау "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасының Заңы шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

Жалпыға бірдей міндетті орта білім қорынан қаржы бөлу әртүрлі көздерден алынатын деректердің көмегімен айқындалған көп балалы кедей отбасыларының үлесіне сәйкес сараланған және негізделген түрде жүргізілуі тиіс.

Ұзақ уақыт бойы жұмыссыз жүргендер

Қоғамдық жұмыстарды, кәсіпкерлікке үйретуді, кәсіптік қайта және қайта даярлауды ұйымдастыру, әлеуметтік оңалту жөнінде жұмыстар жүргізу кезінде ұзақ уақыт бойы жұмыссыз жүргендерге басым көңіл бөлінеді.

Жұмыс іздеу клубы қызметімен байланысты ұзақ уақыт жұмыссыздарды әлеуметтік сауықтыру бойынша жұмыс өткізуге мүмкіндік береді.

Оқымайтын және жұмыс істемейтін жастар

Оқымайтын және жұмыс істемейтін жастарды анықтау және оларды еңбек пен әлеуметтік өмірге, оның ішінде олар үшін тартымды қызмет салаларына тарту жөнінде шаралар қабылдау

Оқымайтын және жұмыс істемейтін жастарды еңбекке, спортқа және өнерге

тарту арқылы оларды есірткі мен ішімдік тұтырудан, қылмыстық топтарға қатысудан сақтандыру мақсатында олармен ақпараттық және насихат жұмыстарын ұйымдастыру.

#### Жалғызілікті қариялар

Үкіметтік емес және басқа да ұйымдарды жалғызілікті қарияларға күтім жасауға тарту жөніндегі жұмысты жандандыру. Оларға көмек көрсету жөнінде әлеуметтік қызметтер құру мүмкіндігін қарастыру.

#### Мүгедектер

Мүгедектерді еңбек қызметіне тарту үшін жағдайлар жасау, олардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға жәрдемдесетін инфрақұрылымды жетілдіру есебінен олардың толық қанды өмірге қатысу мүмкіндіктерін кеңейту.

Мүгедектерді оңалтудың техникалық құралдарымен қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдану.

#### Межелік топтар

Межелік топтар арасында кедейлікті азайтуға бағытталған негізгі шаралар алдын алу шаралары болып табылады. Атап айтқанда, үкіметтік емес ұйымдарды тарта отырып, мектептерде, интернаттарда, арнаулы мекемелерде, оңалту орталықтарында және бас бостандығынан айыру орындарында алдын алу жұмысын күшейту қажет. Межелік топтарға жататын адамдарды тиімді әлеуметтік бейімдеуге жәрдемдесетін нормативтік құқықтық база әзірлеу қажет. Межелік топтардың қоғам өміріне теріс ықпалын азайту жөнінде арнайы іс-шаралар жүргізу керек.

Халықтың әлеуметтік осал топтарының межеленуін азайту мақсатында Белгілі тұратын орны жоқ адамдарды әлеуметтік бейімдеу орталығы қызметін жетілдіру қажет.

### **12 тарау. Қалада халықтың кедейлік деңгейін азайту жөніндегі шаралар**

#### **\$1. Экономикалық өсуді және кедейлікті азайту**

Инвестицияларды жұмылдыру төңірегінде басымды бағыттармен өндіріс және өндірілетін өнеркәсіп, астана имиджін қалыптастыратын құрылыс объектілері және әлеуметтік инфрақұрылым объектілері анықталды. Негізгі капиталға инвестицияларды салу 113,4 млрд. теңгеге өсті.

Инновациялық технологияларды белсенді енгізу және қолданыстағы өндірістерді жаңғырту астанада бәсекелестікті құру мақсатында жүзеге асырылады.

Тауар өндірушілерді материалдық-техникалық қамтамасыз ету жүйесін құру мақсатында несиелік қорларға қол жетушілікті қамтамасыз ету лизингтік қатынастар негізінде "Астана-инновация" бизнес-инкубаторы және шағын бизнесті қолдау орталығы қызметтерін кеңейту болжанған.

Астананың экономикалық дамуының мынадай бағыттары анықталған:

Айлық есеп көрсеткіші көлемінің 1,5 есе өсуі;  
өнеркәсіптік өндірістің көлемі 1,4 есе өседі және 33 млрд. теңгеге жетеді;  
бюджетке түсімнің өсуі Айлық есеп көрсеткіші 25% кем емес.

2005 жылға экономикалық өсудің мақсатында еңбектік қызметінен ақшалай табыстардың өсімі 30,8% болжанған. 2005 жылға жалпы құрылымнан еңбектік қызметтен табыс үлесінің болжамы - 83,6%.

Экономикалық әрі қарай дамуы және кедейлікті төмендетуді қамтамсыз етуді қамтамасыз ету үшін қажет:

жаңа жұмыс орындарын құру, еңбек өндірісінің көтеру, инновациялық процестерді ынталандыру жолымен астананың экономикалық дамуы үшін жағдай жасау;

кәсіпкерлікті ашу және дамыту үшін қолайлы жағдайларды құру және тәртібін жеңілдетуге мүмкіндік беру;

шағын бизнестің материалдық-техникалық базасын нығайтуды жандандыру;  
біртұтас ақпараттық-маркетингті жүйесін жетілдіру, инфрақұрылымды әрі қарай дамыту және жақсарту жөнінде шаралар қолдану.

## **\$2. Жұмыспен қамтуды көтеру және жұмыссыздықты төмендету**

Еңбек нарығында ахуалды жақсарту мақсатында мынадай шаралар қабылдау:

жұмыспен қамту мәселелері бойынша нормативтік құқықтық базасына сәйкес жыл сайын Халықты жұмыспен қамту аймақтық бағдарламасы дайындалсын және оны іске асыруға шаралар қолдану;

жұмыспен қамту белсенді саясатын өткізу мақсатымен еңбек нарығында ақпараттық базаны дамыту;

бос жұмыс орындары жәрмеңкесін өткізу тәжірибесін жетілдіру;  
жұмыс іздеу клубы тікелей қызметімен азаматтарды жұмысқа орналастыруда көмек көрсету;

шет елдік жұмыс күшін қолдануды реттеу жолымен ішкі еңбек нарығында қорғауды жүзеге асыру;

халықтың мақсатты топтарына жататын адамдарға тиімді қолдауды қамтамасыз ету, әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастыруға жәрдем көрсету;

жұмыспен қамту жекеменшік агенттіктерімен, ҮЕҰ, бұқаралық ақпарат құралдары халықты жұмыспен қамту саясатын іске асыру мәселелері бойынша серіктестікті жандандыру;

жұмыссыздардың белсенділігі, әлеуметтік және психологиялық бейімдеу бойынша семинарлар, "дөңгелек үстелдер" мен тренингтер өткізілген.

Астана қаласында жұмыссыздық деңгейін төмендету бойынша мақсаттарға

қол жету үшін N 6 кестеде келтірілген көрсеткіштер белгіленеді (6 қосымшаны қараңыз).

### **\$3. Шағын бизнесті дамыту**

Орын алып отырған кемшіліктерді жою және шағын кәсіпкерлікті дамытуға қолайлы жағдайлар жасау үшін:

2003-2005 жылдары Астана қаласында шағын кәсіпкерлікті дамыту және қолдау бағдарламасы толық көлемде іске асырылады;

кәсіпкерлік қызметі негіздерін оқытуды ұйымдастырумен шағын бизнеске қатысуға кедей халықтың қол жетушілігін қамтамасыз ету;

шағын бизнес субъектілерін жалға немесе сенімді қолдануға тапсырумен кәсіпкерлік қызметін дамыту бойынша жұмысты күшейтсін;

өндірістік учаскелерді ұйымдастыру мақсатында жергілікті атқарушы органдар жағынан қолдауды қамтамасыз етумен ҮЕҰ, қорлар, қоғамдық бірлестіктер - әлеуметтік маңызды ұйымдарды қолдау бойынша жұмыстарды ж а н д а н д ы р у ;

шағын кәсіпкерлік саласын несиелік қорлармен жұмылдыруға мүмкіндік т у ғ ы з у ;

халықтың әлеуметтік-осал топтарына несиелер мен гранттарды басым беруге ж ә р д е м д е с у ;

шағын несиелендірудің оң тәжірибесі үлгісін белсенді насихаттау.

### **\$4. Қоғамдық жұмыстардың тиімділігін көтеру**

Жұмыссыздарды әлеуметтік қолдаудың белсенді түрі болып қалады, олар еңбек рыногындағы жағдайды жеңілдетуге, ұзақ уақыт жұмысы жоқтарға еңбекке себепті сақтауға мүмкінділік туғызады. Жыл сайын қоғамдық жұмыстарда 2000 жұмыссыз адамдар қатысады. Қоғамдық жұмыссыздар тиімділігін көтеру үшін мынадай шаралар қараған:

елорда ерекшеліктері есебімен экономикалық, экологиялық және әлеуметтік ортақ мақсатты қарастырып қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру жүйесін ж е т і л д і р у ;

елорданың инфрақұрылымдық дамуын есепке алып қоғамдық жұмыстар мақсатты бағдарламаларын әзірлеуді қарастырады;

мақсатты топтардан өте осал азаматтар санаттары үшін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру тәжірибесін кеңейту.

### **\$5. Жұмыссыздарды кәсіби даярлауды және қайта даярлауды жақсарту**

Кәсіби дайындық жұмыспен қамту мемлекеттік саясатының маңызды құралдарының бірі болып табылады. Оны іске асыруда кәсіптік білім жүйесінде мынадай шараларды қолдану қажет:

кәсіптік-біліктік қимасында жұмыс күшінде еңбек нарығының қажеттілігінің

мониторингін

өткізу;

еңбек нарығы дамуының болжамы есебімен жұмыссыздарды кәсіптік дайындық және қайта дайындық жүйесін жетілдіру;  
жұмыс берушілермен орнықты байланыстары бар оқу орындарының жүйесін қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастыру;  
бастауыш кәсіптік білім беру мемлекеттік мекемелер техникалық базасын сақтау және дамыту бойынша шаралар қолдану;  
еңбек нарығындағы қажеттілік пен сауықтыру жеке бағдарламасы есебімен мүгедектерді кәсіптік дайындау және қайта дайындауды өткізуге мүмкіндік беру;

еңбектік құқық, нарықтық шаруашылық жүргізуді оқытуды енгізіп жұмыссыздарды оқудың аса тиімді үлгілері мен әдістерін қолдану;  
жұмыссыз оралмандарды кәсіптік дайындыққа белсенді ету.

### **13 тарау. Әлеуметтік саланы дамыту**

#### **\$1. Кедейлікке демографиялық және көші-қон факторларының әсерін бәсеңдету жөніндегі шаралар**

Демографиялық факторлардың кедейлікке әсерін бәсеңдету мақсатында мынадай шараларды қолдану:

аналардың қалыптасқан денсаулығын нығайту жөнінде;  
отбасын жоспарлау ақпаратына халықтың қол жетулігін жақсарту;  
халықтың қалыптасқан жүйесіне қатысты ауруларды алдын ала анықтауды және емдеуді қамтамасыз ету;

көші-қонның кедейлікке ықпалын төмендету мақсатында мынадай шаралар қолдану;

еңбек көші-қонын реттеу механизмін жетілдіру және жұмыспен қамтуға жәрдемдесу бойынша арнайы шараларды жүзеге асыру және өңдеу жолымен көші-қон ағыны орындарында өнімді жұмыспен қамтамасыз ету;

көші-қон квотасы бойынша көшіп келген оралмандарды тұрғын үймен қамтамасыз ету, орналасу, бейімдеу және жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу.

#### **\$2. Халықтың денсаулық сақтау қызметтеріне қол жеткізулерін жақсарту жөніндегі шаралар**

Халықтың денсаулық сақтау қызметтеріне қол жетімділігін жақсарту үшін: халыққа тегін көрсетілетін медициналық көмектің кепілді көлемінің орындалуын қамтамасыз ету;

аурулардың алдын алуға бағдарланған бастапқы медициналық-санитарлық көмекті, сондай-ақ бірінші кезекте - халықтың әлеуметтік осал топтары үшін медициналық көмектің жаңа ұйымдық нысандарын (мысалы, күндізгі стационарлар, үйдегі стационарлар, оның ішінде дәрі-дәрмекпен көмектесудің ұтқыр нысандары) басым дамытуды қамтамасыз ету;



әйелдердің акушер-гинекологтармен, акушерлерімен және балалардың бала дәрігерлерімен қамтамасыз етілу нормативтерін әзірлеу;  
аналар өлімін азайту бойынша шаралар қолдану;  
туберкулезбен, қаны аздықпен және басқа да әлеуметтік маңызы бар аурулармен күрес жүргізу тиімділігін арттыру;  
елордада өмірлік маңызы зор дәрілік заттардың айналымына мемлекеттік бақылауды күшейту;  
омыраумен тамақтандырудың кеңейтілген бағдарламаларын іске асыру, сондай-ақ тыныс жолдарының вирустық және ішек инфекцияларының, балалар тамағы рационындағы йод және темір тапшылығының алдын алу және басқа да шаралар есебінен сәбилер мен балалар өлімінің алдын алуды қамтамасыз ету;  
бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып, салауатты өмір салтын насихаттауды күшейту;  
әсіресе жастар арасында адамның қорғаныш тапшылығының қоздырғышы - жұқтырылған қорғаныш тапшылығының белгісінің алдын алу жөнінде түсіндіру жұмысын жүргізу;  
денсаулық сақтаудың мемлекеттік емес секторын одан әрі дамыту жөнінде шаралар қабылдау қажет.

### **\$3. Халықтың білім беру қызметтеріне қол жеткізуі**

Халықтың білім беру қызметтеріне қол жеткізуін жақсарту үшін қажет: Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген кепілді мемлекеттік нормативтік желіге сәйкес жалпы білім беру мектептері, интернаттық мекемелер, мектепке дейінгі және мектептен тыс білім беру ұйымдары, бастауыш және орта кәсіптік білім беру оқу орындары желісін дамыту;  
балаларды мектепке кідіріссіз жеткізуді қамтамасыз ету;  
біліммен қамтылмаған мектеп жасындағы балаларды анықтау және оларды мектепке қайтару үшін жұртшылықтың кеңінен тартылуын қамтамасыз ету;  
әлеуметтік жағынан осал отбасыларының балалары үшін мәдени-жаппай іс-шараларға баруына, киім-кешек, оқу құралдарын алуға көмек мүмкіндігін беру, жалпыға бірдей міндетті орта білім беру қорларының қаражаты есебінен жалпы білім беретін мектептерде ыстық тамақ берілуін кеңейту;  
әлеуметтік осал отбасыларының балаларына жергілікті бюджет есебінен жазғы демалыс ұйымдастыру;  
мүмкіндіктері шектелген балаларды оқытуға және тәрбиелеу бойынша жағдай жасау, арнайы түзетілім білім беру ұйымдары желісін дамыту және бекіту бойынша жұмысын жүзеге асыру.

**\$4. Халықтың әлеуметтік осал топтарына мемлекеттік әлеуметтік көмек көрсету жүйесін жетілдіру**

Халықты әлеуметтік қорғаудың қазіргі жүйесін талдау негізінде мынадай  
ш а р л а р қ о л д а н у :

нақты талдау негізінде мұқтаждықты, кіріс, мүлік деңгейін және мемлекеттік  
атаулы әлеуметтік көмек көрсетудің басқа да өлшемдерін бағалау әдістерін  
ж е т і л д і р у ;

тұрғын үй көмегін, бір тұтас әлеуметтік төлемдер механизмін жетілдіру;  
халықты әлеуметтік қорғау саласында мекемелер желісін қызметін жетілдіру;  
еңбекке орнықты мүддені қалыптастыру, өзі білім алуды көтеру, еңбек үшін  
оң себептерді өңдеуге жолданған танымал баспа басылымдарын, әдістемелік  
жәрдемақылары мен басқа көрнекілік материалдарын шығаруды қарастыру;  
қайырымдылық іс-шаралар жүйесін жетілдіру қажет.

**14 тарау. Инфрақұрылымды дамыту**  
**\$1. Халықты тұрғын үймен және коммуналдық**  
**қызметпен қамтамасыз етуді, тұтыну нарығына**  
**қол жеткізуді жақсарту жөніндегі шаралар**

Халықты тұрғын үймен және коммуналдық қызметтермен қамтамасыз ету  
ү ш і н :

тұрғын үйлерді және әлеуметтік сала объектілерін қайта жаңарту және салу  
жобаларын әзірлеу мен іске асыру кезінде дене мүмкіндіктері шектеулі азаматтар  
ү ш і н ж а ғ д а й л а р к ө з д е у ;

білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау ұйымдарының  
қызметкерлеріне муниципалдық тұрғын үй құрылысы бойынша шаралар қолдану  
;

жалғыз басты зейнеткерлер, жұбайлар, мүгедектер үшін әлеуметтік үйлер  
құрылысы бойынша Москва қаласы үкіметі тәжірибесін қолдану мүмкіндігін  
қ а р а у ;

табиғи монополиялар субъектілерінің ұсынылатын қызметтерге бағалар мен  
тарифтер белгілеуінің ашықтығы мен негізділігін қамтамасыз ететін олардың  
қызметіне мониторинг жүргізу жүйесін жетілдіру қажет;

коммуналдық нарық құрылысы;  
үнемі жұмыс істейтін арзандатылған бағамен тауарларды сату-жәрмеңкесін  
ұ й ы м д а с т ы р у ;

қоғамдық тамақтану кәсіпорындарын халық үшін қол жетімді және қымбат  
емес жүйесін құру.

**\$2. Халықты сумен қамтамасыз етуді**  
**жақсарту жөніндегі шаралар**

Халықты сумен, соның ішінде таза ауыз сумен қамтамасыз етуді жақсарту  
ж ө н і н д е г і ш а р л а р :

Көктал, Заречное, Мичурино, Комсомольский, Интернациональный,

Железнодорожный Астана кенттерін сумен жабдықтауды жақсарту бойынша; сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету үшін сумен жабдықтау объектілерін жөндеу және қайта жаңартуды жүргізу; су шаруашылығы объектілерін қайта жаңарту және пайдалануға бағытталған қаражатты мақсатты қолдануға бақылауды күшейту.

### **§3. Халықты жолмен, көлікпен, байланыс қызметтерімен қамтамасыз етуді жақсарту жөніндегі шаралар**

Халықты жолмен, көлікпен және байланыс қызметтерімен қамтамасыз етуді жақсарту үшін:

денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт салаларының мемлекет кепілдікке берген қызметтерін алатын орындарға көлікпен баруға тұрғындардың барынша аз уақыт жұмсауын қамтамасыз ететін нормативтер әзірлеу;

қаланың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету объектілерін қолдауға, жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарын қайта жаңартуға, инфрақұрылымды дамытудың әлеуметтік маңызы бар жобаларын іске асыруға бағытталған жергілікті инвестициялық жобаларды басыңқы жобалар ретінде айқындау;

әлеуметтік маңызды қала маршруттары, бірақ шығындық қоғамдық көлікпен қызмет көрсетуге мақсатты бағытталған қаржылық қаражат жергілікті бюджетте қаралған;

пошта байланысы қызметтерінің ең төменгі жиынтығын айқындау және астананың шеткі кенттері тұрғындарына сапалы берілуін қамтамасыз ету;

телефон байланысы сапасының көтерілуі мен нөмірлер санының өсуі 500 бірлікке арттыру.

### **§4. Халықтың кедейлігіне қолайсыз экологиялық факторлардың кедейлікке әсер етуін төмендету жөніндегі шаралар**

Экологиялық жағдайды сауықтыру үшін, халықтың денсаулығына қаупі бар экологиялық жағдай туралы анық және толық ақпаратты халықтың кең қол жеткізуін қамтамасыз ету және экологиялық мәселелер бойынша объективті қоғамдық пікірін қалыптастыру:

меншік түріне тәуелсіз заңды және дербес тұлғалар - табиғатты пайдалану экологиялық талаптарын орындауға бақылауды қатаңдатсын;

табиғи қорларды кешенді қолдану ғылыми-негізді кестесін пайдалану;

табиғи қорлар мен қоршаған ортаға ұқыпты қарау қажеттігі туралы түсініктеме жұмыстарын жүргізу.

### **15 тарау. Халықтың кедейлік деңгейін төмендетуде қоғам институттарының қызметінің тиімділігін көтеру**

**§1. Кедейлік деңгейін төмендетуде жергілікті атқарушы органдардың жөніндегі қызметін жетілдіру жөніндегі шаралары**

Астанада кедейлікті азайтуда мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру үшін мынадай шаралар қарастырылған:

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау туралы заңнамалардың сақталуын бақылауға Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Астана қаласы бойынша Департаменті тарапынан бақылау күшейтілсін;

кәсіпкерлік және басқа қызметтерден кірістердің есептелуі жөнінде заңнамалық базаның болмауына байланысты жасырын кірістер анықталуы бойынша салық органдары тарапынан көмекпен қамтамасыз ету;

тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі Астана қалалық аймақтық қордың шағын несиелендіруімен аз қамтылған азаматтарды қамтуды кеңейту мақсатында өзі жұмыспен қамтуға қабілетті аз қамтылған азаматтарды шағын несиелер беру учаскелік комиссиялар мүшелерінің пікірін есепке алу;

аумақта әлеуметтік саясат бағыттарын дұрыс анықтауға мүмкіндік туғызатын үнемі кедейлік мониторинг қажет және болашаққа материалдық қаражатты есепке алу;

шешім қабылдау процесінде ҮЕҚ және кедей халықты жұмылдыру жолымен экономикалық өсім мен әлеуметтік әділдік үшін астанада әлеуметтік серіктестік механизмін жетілдіру;

кәсіптік мектеп, колледждер, мектептер басшылары мен мұғалімдерін сауықтыру үшін қаражат бөлу бойынша шаралар қолдану;

медициналық және зейнеткерлік қамтамасыз ету әлеуметтік қауіп ең төменгі стандарттарын қамтамасыз ету мақсатында міндетті әлеуметтік сақтандыруға ауысу жағдайын қамтамасыз ету;

базалық білім беру қызметтері, алғашқы медициналық көмек көрсетуге жолданған қаражатты мақсатты жұмсауға бақылауды күшейту;

қоғамдық бірлестіктерді жұмылдырумен кедейлік төмендету мәселесі бойынша үнемі жұмыс істейтін кеңес беру - жиналыс комиссиясын құру;

әлеуметтік көмек түрлері белгіленген заңнамаларына халықтың тең қол жеткізулігін қамтамасыз ету;

мемлекет, ҮЕҰ және жеке құрылымдар тарапынан халықтың әлеуметтік осал топтарын әлеуметтік қолдаудың қазіргі нысандары туралы ақпарат тарату жөнінде белсенді ақпараттық-насихат жұмысын жүргізу қажет.

## **§2. Кедейлік деңгейін төмендетуде үкіметтік емес ұйымдар мен кәсіп одақтар қызметі жөніндегі шаралар**

Үкіметтік емес ұйымдар мен кәсіби одақтардың кедейлік деңгейін төмендету жөніндегі қызметін жетілдіру мақсатында:

мұқтаж адамдардың нақты санының негізінде кедейлерді қолдауға бюджеттік қажеттіліктерді қалыптастыру кезінде ҮЕҰ-ың қатысуын қамтамасыз ету;

елордада кедейлікті төмендету мәселесін шешуде мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс төңірегінде гранттар жүйесі арқылы әлеуметтік-мағыналы жобаларды іске асыруда ҮЕҰ жұмылдыру;

"Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аймақтың әкімдері құрған учаскелік комиссиялар құрамына кәсіподақтар мен ҮЕҰ өкілдерін міндетті енгізу;

кедейлікті төмендету мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер әзірлеу бойынша жұмыс топтарына қоғамдық бірлестіктер өкілдері жұмылдырылсын;

бұқаралық ақпарат құралдарының қолдануымен жұмысшылардың еңбек құқықтары және кәсіподақтар рөлі бойынша пікір айырбастауды ұйымдастыру;

"Әлеуметтік әріптестік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының орындалуына бақылауды күшейту, кедейлікті еңсеру тетіктерінің бірі ретінде әлеуметтік әріптестіктердің үш жақты комиссияларын пайдалану.

### **§3. Кедейлікті төмендету жеке меншік секторларының қызметін жетілдіру жөніндегі шаралары**

Жеке сектордың республикада кедейлік деңгейін төмендетудегі қызметін жақсарту үшін:

инвестор жұмыс істейтін аймақта әлеуметтік жауапкершілікті неғұрлым айқын бөлу үшін орталық, жергілікті өкімет органдары мен ірі инвесторлар арасында келісім-шарттар жасасу кезінде қоғамдық тыңдаулар өткізу;

жұмыс берушілерді жұмыс орындарын, соның ішінде халықтың әлеуметтік осал топтары үшін жұмыс орындарын құруға ынталандыру мүмкіндіктеріне талдау жасау;

кәсіптік даярлау және қайта даярлау курстарын ұйымдастыру кезінде мамандарға қажеттілікті айқындауға жұмыс берушілерді тарту;

халықтың әлеуметтік осал топтары үшін тиімді жобаларды қаржыландыру үшін ірі компаниялардың несие (шағын несие) беруі арқылы олардың әлеуетін пайдалану;

халықтың әлеуметтік осал топтарына қайырымдылық іс-шаралары нысанында әлеуметтік көмек жүйесін дамыту қажет.

### **§4. Шешім үрдісінде халықтың әлеуметтік осал топтарын тарту жөніндегі шаралар**

Халықтың әлеуметтік осал топтарын шешімдер қабылдау процесіне тарту мақсатында қажет:

жергілікті мәні бар маңызды проблемаларды шешу кезінде халықтың әлеуметтік осал топтарының мүддесін ұсынатын, ҮЕҰ, қоғамдық бірлестіктермен кеңес беруді өткізуді дағдыға айналдыру;

қаланы дамытудың басым бағыттарын айқындау, сондай-ақ көрсетілген

көмектің мониторингін ұйымдастыру және тиімділігін бағалау кезінде халықтың әлеуметтік осал топтарының, ҮЕҰ, қоғамдық бірлестіктердің пікірлерін ескеру қажет.

## **6 БӨЛІМ. ҚАЖЕТТІ РЕСУРСТАР МЕН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІ**

